

## Әділетті Қазақстан

Ел бірлігі –  
біздің баға  
жетпес  
байлығымыз,  
мемлекеттілігіміздің  
берік негізі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

### ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАР

4

### САММИТ



## ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯ

5

### ТУРИЗМ



## ТАБИҒАТЫ ТАҒАЖАЙЫП АЛМАТЫ

6

### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

20.05.2023

Түнде:



+12+14 °C

көшпелі бұлтты,  
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

көшпелі бұлтты,  
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:  
3-8, найзағай кезінде екпіні 17 м/с

21.05.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей  
уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, кей  
уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:  
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty

## AQSHAMY




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №62 (6355) 20 мамыр, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

аймақтың қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету –  
басты міндеттің бірі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
бірінші «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысты

«Орталық Азия – Қытай» саммитінің қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Сиань декларациясына қол қойды және бірқатар бастаманы қабылдады. Келесі саммит 2025 жылы Қазақстанда өтеді. Президенттің Қытай еліне бұл мемлекеттік сапарындағы маңызды шаралардың бірі – Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығының салтанатты ашылуы болды. Қазақстан – Қытайдың Шэньси провинциясында өзінің дипломатиялық өкілдігін ашып отырған Орталық Азиядағы жалғыз ел.

2

### ФОРУМ

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Алматыда Еуропалық Одақ –  
Орталық Азия екінші экономикалық  
форумы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Халықаралық жиынға Орталық Азия елдерінің Үкімет басшылары мен Еуропалық комиссияның сауда және экономика жөніндегі сарапшылары қатысты. Форумның ашылу салтанаты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың алғысөзімен басталды.

3

### ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысының ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында 47 құжатқа қол қойылды.
- Сианьдағы құрғақ портта Қазақстанның логистика орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті.
- Қытайдағы JD.com алаңында Қазақстанның Ұлттық павильоны ашылды.
- Үкіметбасы «Еуропалық Одақ – Орталық Азия» форумы сессиясында сөз сөйледі.
- Үкіметте Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның отырысы өтті.
- Қазақстанның жаңа саяси-әкімшілік картасы әзірленді.
- Қазақстан байланыс спутниктерін шығарады.
- Негізгі УБТ–2023 басталды, ол 5 шілдеге дейін жалғасады.
- ИВГ.1М реакторы төмен байытылған уран отынымен жұмыс істей бастады.
- Астанада 20-21 маусымда Халықаралық еріктілер форумы өтеді.
- Алматыда автокөлік шығаратын зауыт салынады.
- Ертең Алматы ипподромында асыл тұқымды жылқылардың жарысы өтеді.

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

аймақтың қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету басты міндеттің бірі



«Орталық Азия – Қытай саммиті – өте маңызды тарихи оқиға екенін атап өткен Президент Қытай әлемдік держава ретіндегі өзінің мәртебесін нығайтып келе жатқанын және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқаратынын, экономикалық және технологиялық дамудың қозғаушы күші екенін қадап айтты. Қытай – әлемдегі ірі инвестор және жаһандық экономиканың көшін бастап тұрған мемлекеттердің бірі. Сондықтан Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты нығайту – Қазақстанның орнықты дамуына, ал Орталық Азия елдерінің әлеуетін Қытайдың орасан зор экономикалық қуатымен ұштастыру көп қырлы серіктестікке тың серпін бермек.

## ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысы аймақтың ел басшыларының бірлескен күш-жігерін талап ететін ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындады.

Ең алдымен, тауар айналымының көлемін арттыру мәселесі қозғалды. Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінің экономикалық қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Қазақстанның осы аймақтағы мемлекеттермен алыс-берісі 19 пайызға өсті. Яғни 8 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 15 миллиардқа дейін жеткізу көзделіп отыр. Аймақтың Қытаймен саудасаттығы да қарқынды дамып келеді. Былтыр бұл көрсеткіш 70 миллиард долларға жетті. Оның 45 пайызы (31 млрд доллар) Қазақстанға тиесілі. Қытай мен Орталық Азия арасындағы тауар айналымын 2030 жылға қарай 100 миллиард долларға жеткізуге барлық мүмкіндік бар.

## ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯ

Мемлекет басшысының пікірінше, электронды коммерция саласында өзара алыс-берісті арттыру үшін қосымша мүмкіндіктер бар. Бұл бағытта Қытай әлемде көш бастап тұрғаны сөзсіз.

– Қазақстан Қытайдың ірі электронды сауда алаңдарын кеңінен пайдалануды ұсынады. Бұл қадам өнімдерімізді нарыққа бірлесіп шығару үшін аса маңызды. Кеше JD.COM платформасында Қазақстанның ұлттық павильоны ашылды. Болашақта өзара сауда-саттығымыз арта түсетіні анық. Біз осыны ескере отырып, жаңа кеден қоймаларын ашуға белсене кірістік. Осы орайда, серіктестерімізге тауарын біздің қоймаларымызда сақтауды ұсынамыз. Бұл логистика тұрғысынан алғанда өте қолайлы екенін

айта кеткен жөн. Сонда Орталық Азия мен Қытайдың арасында екі бағытта да тауар тасымалдау мерзімін азайтуға мүмкіндік туады. Бұл жұмысты «C5+China» бірыңғай электронды сауда платформасын енгізу арқылы үйлестіруге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ

Президент көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуды тағы бір басым бағыт деп санады. Оның айтуынша, осыдан он жыл бұрын Астанада Төраға Си Цзиньпин «Бір белдеу – бір жол» мегажобасының тұжырымдамасын жария етті. Содан бері бұл бастаманың тиімділігіне және қажеттігіне бүкіл әлем көз жеткізді.

– Қазақстан – Қытайдың жақын көршісі әрі сенімді серіктесі. Сондықтан «Бір белдеу – бір жол» жобасына атсалыса беребі. Осы орайда Қазақ-қытай шекарасында үшінші теміржол өткелін ашу маңызды қадам болмақ. Каспийдегі теңіз порттарының мүмкіндігін кеңейту ісіне атсалысуға шақырамыз. Порт қызметін цифрландыру және жүк кемелерін жасау үшін бірге жұмыс істеуге дайынбыз. Сондай-ақ, «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» теміржолы біздің елдерімізге зор мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

## ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Президенттің айтуынша, өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты нығайту керек. Бұл сала Орталық Азияның экономикалық дамуына берік тұғыр бола алады. Аймақтағы жобаларға Қытайдың атсалысуы олардың табысты ілгерілеуіне өз септігін тигізери анық.

– Мен Орталық Азия мен Қытайдың өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығын дамыту жоспарын әзірлеуді ұсынамын. Бұл жоспарды аймақтағы барлық елдің ерекшелігі мен сұранысын ескере отырып жасаған жөн. Біз жеңіл және жүк көліктерін (JAC) жасай бастадық. Электромобиль шығару жобасын жүзеге асырдық (JAC iEV7s, YUTONG және Golden Dragon электр автобустары). Осындай автокөліктерді қуаттайтын стансалардың инфрақұрылымы жасалып жатыр. Кеше қытай көліктерін құрастыратын өндірісті іске қосу туралы келісімге қол қойылды. Елімізде литий, кобальт, никель және басқа да сирек элементтердің мол қоры бар. Біз осы салада жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға дайынбыз. Қазақстанның бірқатар облысында белгілі қытай көліктерінің өндірісі табысты жұмыс істеп жатыр. Біз қытай компанияларын осы аймақтарда автомобиль кластерін құруға шақырамыз. Біздің Үкіметіміз өзара ынтымақтастықты дамыту үшін барлық жағдайды жасап, мүдделеріңізді қорғайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЭНЕРГЕТИКА: МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫ

Президент энергетика саласында, соның ішінде мұнай-газ секторындағы қарым-қатынасты дамытуға мол мүмкіндік бар деп есептейді. Қазақстан мұнай экспортын көбейтуге мүдделі. Сол үшін «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының тасымал мүмкіндігін арттыру қажет. Газ өңдеу қуатын арттыру және газ тасымалдау жүйесін жетілдіру Қазақстан үшін басым бағыт саналады. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральді газ құбырының екінші тармағын салу өте маңызды.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ: АГРОАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Сонымен қатар, Президент ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастықты дамыту маңызды екенін тоқталды. Қазақстан агроөнеркәсіп өнімдерінің экспортын арттыруға және оның түрлерін көбейтуге мүдделі.

– Біз мемлекеттеріміздің аграрлық әлеуетін тиімді пайдалануымыз керек. Сонда елдеріміздің азық-түлік қауіпсіздігін айтарлықтай нығайтамыз. Бұл қадам бәріміздің мүдделімізге сай келеді. Осы ретте мен «Қорғас» халық-

аралық сауда орталығында Бірлескен азық-түлік хабын құруды ұсынамын. Агроөнеркәсіп саласында цифрлық және «жасыл» технологияларды енгізу мәселесіне баса мән берген жөн. Бұл істе қытайлық серіктестеріміздің тәжірибесі мен мүмкіндігі аса қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЭКОЛОГИЯ ҚАУІПСІЗДІГІ: ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ РЕСУРСТАРЫ

Мемлекет басшысы трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесін ынтымақтастықтың келесі басым бағыт ретінде атап өтті. Президент Орталық Азия елдерінің тұщы су тапшылығына ұшырау қаупі жоғары деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегіне сәйкес, 2050 жылға қарай 5 миллиардтан астам адам ауызсуға мұқтаж болуы мүмкін.

– Климаттың өзгеруіне байланысты біздің аймақтың басты су көзі саналатын мұздықтар да күрт азайып барады. Осы жағдай Орталық Азияның азық-түлік, энергетика және экология қауіпсіздігіне едәуір қатер төндірді. Сондықтан бірлесіп шұғыл шаралар қабылдауымыз қажет. Су ресурстарын өзара келісіп, ұтымды пайдалану біз үшін өте маңызды. Суды үнемдеп жұмсауға және жер суаруға қатысты тиімді цифрлық тәсілдерді қолдануға енгізудің орны бөлек. Қытай бұл салада зор табысқа жетті. Сол үшін Қытаймен бірге су шаруашылығы саласына жаңа технология енгізу жоспарын әзірлеуді ұсынамын, – деді Президент.

## ТУРИЗМ: БІРЫҢҒАЙ ТУРИСТІК КЛАСТЕР

Мемлекет басшысы мәдениет және білім ынтымақтастығын, сондай-ақ туризмді дамыту мәселесіне де назар аударды. Қазақстан мен Қытай азаматтарының екі ел арасында 30 күнге дейін визасыз жүруіне мүмкіндік беретін үкіметаралық келісім туристер легін арттыруға ықпал етеді.

– «Жібек жолы» туристік операторларының тізімін жасауды ұсынамын. Топтық турлар үшін визасыз режим енгізіп, бірыңғай туристік кластер құру қажет. Сол кезде қытай туристері бір сапарда Орталық Азияның бірнеше еліне бара алады. Аймақтар арасындағы ынтымақтастық мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз. Біз білікті маман даярлау ісіне және адам капиталын дамытуға баса мән береміз. Қазақстанда әлемдегі үздік техникалық университеттердің бөлімшелерін ашуға күш салып жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аймақтың қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету басты міндеттің бірі екенін атап өтті. Қазақстан

көтерген бастамалардың бәрі еліміздің жан-жақты ынтымақтастық пен мызғымас қарым-қатынасты нығайта түсуге ұмтылысын көрсететінін айтты. Сол себепті, тиімді серіктестіктің стратегиялық бағдары жалғастыра беру маңызды. Сондай-ақ, Президент сөзінің соңында Орталық Азия мен Қытайдың екінші саммитін Қазақстанда өткізуге әзір екенін жеткізді.

Ресми шара аяқталғаннан кейін Орталық Азия мен Қытай басшылары Халықаралық конференция орталығының алдында ағаш отырғызу шарасына қатысты.

## ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ АЛТЫН ДӘУІР БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Консулдық ғимаратында дипломаттармен қатар Қазақстанның экономикалық мүддесін ілгерілету үшін ұлттық компаниялардың өкілдері де орналастырылады.

Президент консулдық ғимаратында Қытайға жасаған мемлекеттік сапарын қорытындылап сөз сөйледі.

– Төраға Си Цзиньпин мен өте мазмұнды келіссөздер жүргіздік. Сондай-ақ, бірлескен мәлімдеме жасалды, бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды. Шын мәнінде, бұл сапар қазақ-қытай ықпалдастығының «30 жылдық алтын дәуірін» бастады деуге болады. Әрине, бұл сапардың мән-мағынасы ерекше. Бүгін – Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы үшін тағы да бір аса маңызды әрі тарихи күн. Біз Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығын ашқалы тұрмыз. Бүгінде Сиань – «Бір белдеу – бір жол» экономикалық белдеуінің маңызды бекеті. Шэньси өлкесі және Сиань қаласы Қазақстанмен тығыз байланыс орнатқан. Солтүстік Қазақстан облысымен және Шымкент қаласымен бауырластық қатынас туралы келісімге қол қойылды. Бұл шаралар екі ел арасындағы барыс-келісті жандандыра түсері сөзсіз. Бас консулдық осы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға үлес қосады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



FORUM

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

## Алматыда Еуропалық Одақ – Орталық Азия екінші экономикалық форумы өтті

(Басы 1-бетте)

### БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

«Бүгінде әлем экономиканың көптеген салаларына кері әсерін тигізген және халықаралық сауда-саттықты құлдыратқан COVID-19 пандемиясынан кейін қалпына келе бастады. Қазіргі таңда мегаполистері сауда-саттық жаһандық өндірістік-сату тізбегіне терең интеграцияланған Алматы экономикасының үштен бір бөлігін құрайды. Бұл сектор 250 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Біз инвестициялар мен бәсекеге қабілеттілікті қолдауға, өңірдің тұрақты және жан-жақты экономикалық дамуына бағытталған Ready4Trade Орталық Азия жобасының бір бөлігі болғанымызға қуаныштымыз. Сауданы реттеу рәсімдері жетілдіре түскендіктен Орталық Азия елдерінің әрқайсысында бизнесті жүргізу жағдайлары жақсарып келеді, шағын және орта кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі артапты болады», – деді шаһар басшысы.

Алдыңғы қатарлы білікті мамандар бас қосқан жиында Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы сауда байланыстарын дамыту жолдары қаралды. Бизнес пен үкімет арасындағы басымдықтар да назардан тыс қалған жоқ.

Еуропалық Одақтың елшісі Кестуис Янкаускас та өз кезегінде Алматы қаласы мен осы форумды ұйымдастырушыларға алғысын айтты. «Бірлескен жобамыздың арқасында Орталық Азия елдері бас қосып отыр. Бұл бастама Орталық Азия мемлекеттеріне өңірлік шектеулерді алып тастауға көмектеседі. Алдағы уақытта, сауда саттық, микро және макро бизнес өкілдеріне көңіл бөлу керек. Шикізаттық емес экспорт көлемін арттыру, сондай-ақ экспорттау нарықтарын әртараптандыру қажет», – деді ол.

Талқылауға қатысушылар кәсіпорындарында туындайтын бірқатар мәселелер туралы да сөз қозғады. Сонымен қатар, әйелдер мен жастардың бизнестегі ролі жайлы да келелі мәселелер талқыланды. Бұл туралы ІТС атқарушы директоры Памела Кок-Гамильтон айтты.

«Біз мыңдаған бизнес өкілдеріне көмек көрсеттік. Инвесторлардың қаржысы ел экономикасына серпін беретін кәсіпорындарға берілуі қажет. Бүгінде Орталық Азия елдеріндегі әйелдер мен жастар арасында кәсіпкерлік саласын дамытудың жолдарын ұсынып жатырмыз. Қарап отырсақ, қыз-келіншектердің басым бөлігінің бизнеске бет бұру қарқыны жоғары, бұл статистикадан анық байқалады», – дейді Памела Кок-Гамильтон.

Айта кеткен жөн, елімізде 600 мыңға жуық кәсіпкер әйел бар. Кейінгі статистикалық мәліметтерге сәйкес, шағын және орта кәсіпорындардың 43%-ын әйелдер басқарады. Жеке кәсіпкерліктің 77%-ы әйелдерге тиесілі. Шағын және орта бизнес секторындағы барлық жұмыс орнының шамамен 1/3 бөлігі (1 млн адам) кәсіпкер әйелдердің еншісінде.

Сондай-ақ, форум аясында кәсіпкерлердің басты мәселесі логистика және көлік саласындағы қызметке байланысты екендігі айтылды. Халықаралық бизнес транзакциялары кезінде жүктерді тасымалдау мәселелері көптеген құқықтық салдарларды, құқықтық нормалармен реттелуді және тасымалдаудың жауапкершілігін қарастыратынын атап өтті.

### ЕУРООДАҚПЕН ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

Еуропалық Одақ – Орталық Азияның екінші экономикалық форумының келесі күні жиына ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов та қатысты. Үкімет басшысы мен Еуропалық комиссияның атқарушы вице-президенті Валдис Домбровскис Алматыда өтіп жатқан «ЕО-ОА» екінші экономикалық форумы аясында Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, Еуроодақ – Қазақстанның сауда-саттық саласындағы ең ірі және маңызды серіктестерінің бірі, еліміздің сыртқы саудасының шамамен 30%-ы Еуроодақтың үлесіне тиесілі. Мәселен, өткен жылы тауар айналымының өсімі 38%-дан асып, шамамен \$40 млрд болды. Биыл да бұл көрсеткіш қарқынды өсіп келеді: 3 айда сауда көлемі 12,5%-ға ұлғайып, \$10



млрд-тан асты. Осы орайда Қазақстан Еуроодаққа жалпы құны шамамен \$2,3 млрд болатын 175 тауар позициясы бойынша экспортты ұлғайтуға дайын.

«Біз Еуропалық Одақпен ынтымақтастықтың сапасын арттыруға басымдық береміз және Қазақстан мен Еуропа арасындағы сенім мен құрметке негізделген өзара іс-қимылды әрі қарай нығайтуға ниеттіміз», – деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы Қазақстан мен ЕО арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтеріліп жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, өткен жылы Еуроодақтан Қазақстан экономикасына тартылған тікелей инвестициялар көлемі шамамен 23%-ға өсіп, \$12,5 млрд болды, бұл – соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш.

«Біз инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін қолда бар мүмкіндіктердің барлығын іске қосуға мүдделіміз», – деді Әлихан Смайылов.

Өз тарапынан Валдис Домбровскис Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар өте серпінді дамып келе жатқанын, оған кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім және шикізат, аккумуляторлық батареялар және жаңартылатын сутектің тұрақты құн тізбектері жөніндегі меморандум ықпал ететінін атап өтті.

«Сонымен қатар, біз Орталық Азия мен Еуропалық Одақ елдері арасында жүк тасымалдаудың жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін дамытуға мүдделіміз. Ол үшін инвесторларды өңірдегі жобаларға тарту қажет, бұл тасымалдау кезінде кедергілерді жоюға және инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді», – деді Валдис Домбровскис.

Кездесу қорытындысы бойынша Шикізат, аккумуляторлық батареялар және жаңартылатын сутектің тұрақты құн тізбектері саласындағы стратегиялық әріптестік туралы ҚР мен ЕО арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру бойынша жол картасын бекіту рәсімі өтті.

Еске сала кетейік, осы меморандумға өткен жылы БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі «COP-27» конференциясында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен Еуропалық комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйен қол қойған болатын. Сонымен қатар, Қазақстанда 9 млн еуро сомасына жобаларды іске асыруды қозғайтын «ҚР-ЕО ынтымақтастық құралы» қаржылық келісіміне қол қойылды. Кездесу қорытындысы бойынша Әлихан Смайылов пен Валдис Домбровскис бірге БАҚ-қа мәлімдеме жасады.

«Еуропалық Одақ – Орталық Азия» 2-ші экономикалық форумы аясында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо және Еуропалық инвести-

циялық банктің вице-президенті Тереза Червинскимен кездесулер өткізді.

ЕҚДБ басшысымен келіссөздер барысында ҚР-дағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, соның ішінде автожолдарды реконструкциялау, кәріз-тазарту құрылыстары мен энергетикалық қуаттарды жаңғырту мәселелері талқыланды.

Әлихан Смайылов Қазақстан Банкпен өзара іс-қимылдың стратегиялық сипатын және оның республиканың дамуына қосқан үлесін жоғары бағалайтынын атап өтті.

«Қазіргі уақытта біз экономикалық мәселелердің кең ауқымын қамтитын тығыз байланыстар орнаттық және оны одан әрі дамытуды көздеп отырмыз. Қазақстан мен ЕҚДБ арасындағы ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге шығаруға болатынына сенімдімін», – деді Премьер-Министр.

Мәселен, жақын күндері ЕҚДБ Басқарушылар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өтіп, оның шеңберінде Қазақстанға жеке инвестициялық сессия арналды. Әлихан Смайылов бұл шараның Қазақстан мен шетелдік серіктестер арасындағы инвестициялық ынтымақтастыққа жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

«Қазақстан Үкіметі ЕҚДБ-мен екіжақты мәселелердің кең ауқымы бойынша әріптестікті тереңдетуге дайын екенін растайды», – деп атап өтті ол.

Өз кезегінде Одиль Рено-Бассо ЕҚДБ Қазақстандағы жобаларға белсенді атсалысып жатқанын атап өтті.

«Біз ынтымақтастығымызды одан әрі жалғастыратынымызға қуаныштымыз. «Жасыл» энергетиканы, жеке секторды және инфрақұрылымды дамыту жобалары біздің басымдықтарымыз болып қала береді. Сонымен қатар, біз елдің банк секторын дамытуға әрі қарай өз үлесімізді қосатын боламыз», – деді Одиль Рено-Бассо.

Тереза Червинскимен кездесуде көлік-логистика саласындағы және агро-неркәсіптік кешендегі ынтымақтастық, атап айтқанда, инвестициялық және технологиялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Премьер-Министр Қазақстан Еуропалық инвестициялық банктің біздің елмен ынтымақтастықты кеңейту ниетін жоғары бағалайтынын атап өтті. Осыған байланысты Қазақстанда ЕИБ кеңесінің ашылуы инвестициялық портфельді және Банктің өңірдегі қызметін айтарлықтай дамытуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Үкіметі ЕИБ-пен өзара мүдделі мәселелердің кең ауқымы бойынша әріптестікті тереңдетуге дайын екенін білдіреді. Ең басым бағыттардың бірі – «жасыл» экономиканы дамытуды ынталандыру», – деді Әлихан Смайылов.

Ол сондай-ақ, ЕИБ-ті «жасыл» қаржы-

ландыру және инновациялармен алмасу тұрғысынан Астана халықаралық қаржы орталығымен тығыз ынтымақтастық орнату мүмкіндігін қарастыруға шақырды.

Өз кезегінде Тереза Червински Қазақстанда экономикалық кооперация саласында жақсы серіктес ретінде танытынын атап өтті.

«Біз бұл өңірде ұзақ уақыт жұмыс істеп келеміз және «жасыл» экономика бағытындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуді жоспарлап отырмыз. Бұл «жасыл» энергия өндіру мен тасымалдауға, әртүрлі нысандар мен көлік саласының энергия тиімділігін арттыруға қатысты. Бұл тиісті инфрақұрылым қалыптастыруды және дамытуды қажет етеді. Біз сондай-ақ, орта кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Тереза Червински.

### СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Алматыда болып жатқан «Еуропалық Одақ – Орталық Азия» екінші экономикалық форумының алаңында Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қырғызстан Министрлер Кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаровпен келіссөздер жүргізді.

Тараптар сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, инвестициялар тарту, ауыл шаруашылығы мен су-энергетика саласындағы ынтымақтастық және басқа да бірқатар мәселелерді талқылады.

Әлихан Смайылов Қазақстан мен Қырғызстан арасында өзара сыйластық пен тату көршілікке негізделген сенімді қарым-қатынас дамып келе жатқанын атап өтті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 7,5%-ға өсіп, \$1,1 млрд-тан асты. Оң үрдіс биыл да сақталып отыр.

«Жақын арада сауда айналымының көлемін \$2 млрд-қа жеткізу үшін қажетті шаралар қабылданады. Бірлескен іс-қимылдар арқасында аталған мақсатқа қол жеткіземіз деп сенемін. Қазақстан Үкіметі екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған көпқырлы өзара іс-қимылдың барлық салалары бойынша белсенді диалогты жалғастыруға дайын», – деді Премьер-Министр.

Өз кезегінде Ақылбек Жапаров елдер арасындағы екіжақты күн тәртібіндегі барлық мәселелер өзара түсіністік, сенім және қолдау рухында талқыланып, шешімін тауып жатқанын атап өтті.

«Бүгінгі кездесуіміз екіжақты ынтымақтастықтың келешегін талқылауға және айқындауға жақсы мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деді Ақылбек Жапаров.

Әзірлеген  
Айнұр СЕНБАЕВА.



ӘКІМ

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАР

## Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті

**Шаһар басшысы алдымен ауданда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып, қол жеткізген жетістіктер мен алдағы мақсат-міндеттер туралы айтты. Одан кейін тұрғындардың сауалына жауап берді. Кездесуге шамамен 250-ден астам адам қатысты.**

### БЮДЖЕТ ҰЛҒАЙЫП, ИНВЕСТИЦИЯ ӨСТІ

Алмалы ауданының бюджеті 2 есеге, яғни 19 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бюджетті ұлғайту 1 сәуірден бастап жүргізіліп жатқан орталықсыздандыру аясында аудан әкімдігіне инвестицияларды берумен қатар іске асуда. Мұндай өзгерістер қаланың барлық аудандарына оң әсер етеді және аудан әкімдігіне алматылықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға қосымша септігін тигізбек. Кездесу барысында шаһар басшысы Ерболат Досаев жыл басынан бері Алмалы ауданында экономикалық көрсеткіштердің жақсы өсу серпіні байқалғанын атап өтті. «Ағымдағы жылдың I тоқсанында инвестициялар 52,8%-ға өсті. 25,5 млрд теңгенің инвестициялары тартылды, ал өнеркәсіптік өндіріс көлемі шамамен 49 млрд теңге», – деді қала басшысы. Бұл ретте салық түсімдері 41%-ға өсіп, 258 млрд теңгені құрады.

### ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ӘЛЕУЕТИ

2023 жылдың соңына дейін Алмалы ауданында 50 шақырым электр желілері жөнделіп, 28 қосалқы станция қайта жаңартылады. Аталған шаралар электр желілерінің санын 61%-ға дейін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда АЖК бағалауы бойынша 81%-ды құрайды.

Қала әкімінің мәліметінше, биыл қаңтардан мамырға дейін ауданда электр желілерінде 93 апат тіркелді және осы мәселені шешу үшін жыл басынан бері 6 қосалқы станцияны жаңғырту және 19 км тозған электр кабель желілерін ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, ауданның бірнеше көшелерінде бірден кәріз желілері тартылмақ. «Қастек-2», Моңғол, Есентай және Қожамқұлов көшелерінде жалпы ұзындығы 1,5 шақырым кәріз желілері салынады. Бұдан бөлек, ауданда жыл соңына дейін 3,6 шақырым су және 1,2 шақырым жылу желілерін жаңғырту аяқталады.

«Жыл басынан бері Тұрғыт Өзал, Чайковский және Мақатаев көшелеріндегі аула ішіндегі аумақтарда 1,5 км сумен жабдықтау желілеріне жөндеу жүргізілді, сондай-ақ Бруно және Рахманинов көшелерінде 700 метр кәріз желілері салынды», – деп атап өтті әкім.

### ЖОЛДАР ОРТАША ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Алмалы ауданында жалпы ұзындығы 25 шақырым болатын аудандық маңызы бар 11 көше мен 5 магистральдық көшені орташа жөндеу маусым айында басталады. Бұл жұмыстарға жергілікті бюджеттен 4,3 млрд теңге бөлінді.

«Орталықсыздандыру аясында биыл аудан әкімдігі тек жолдарды жөндеуді бастайды. Бұл үшін Алма-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лы ауданына 500 млн теңге бөлінді, бұл шара 46 мың м<sup>2</sup> жол төсемін қамтуға мүмкіндік береді», – деді әкім. Алматы әкімдігі шілде айында Байтұрсыннов пен Досмұхамедов көшелерінің арасында Әйтеке би көшесінің бойында тротуар салумен жол сынамасын бастауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, жыл басынан бері кадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Брусиловский және Байтұрсыннов көшелерінде 4 жаңа аялдама орнатылған. Жыл соңына дейін Мұқанов, Байзақов, Тілендиев және Панфилов көшелеріне тағы 4 аялдама орнату жоспарда бар.

### 69 АУЛА

**АБАТТАНДЫРЫЛЫП ЖАТЫР**  
Ауданда жайлы қалалық орта құру бойынша жұмыстар белсенді

түрде жалғасуда. Бүгінде 69 аула аумағын жөндеу және шағын қабатты тұрғын үйлердің 47 қабетін ағымдағы жөндеу жоспарланған. Қала басшысының айтуынша, бүгінде 4 үйдің қабеттерін жөндеу аяқталған. Қалғандары шілде айының соңына дейін бітеді. Ал 20 маусымға дейін Күләш Байсейітова атындағы жаяу жүргіншілер көшесін абаттандыру аяқталады. Жыл соңына дейін Әлия мен Мәншүк скверін абаттандыру мен реконструкциялауды бастау жоспарланады. Биыл сәуір айынан бастап әкімдік Дүйсенов көшесіндегі жаяу жүргіншілер аумағын, 7 скверді модернизациялау және көгалдандыру жұмыстарын бастады. Мұнда жасыл желек аумағы автосуарумен қамтылған.

### АУДАНҒА ҚОСЫМША 875 МЛН ТЕНГЕ БӨЛІНДІ

Бұл сома «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында беріліп отыр. Қосымша қаржыландыру туралы шешімді қала әкімі Ерболат Досаев осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып қабылдаған еді. Бүгінде қаланың барлық 8 ауданы қосымша 7 млрд теңге алды.

«Осылайша ауданда 1,6 млрд теңгеден астам сомаға 35 жобаны, оның ішінде қоғамдық кеңістікті абаттандыру, жол инфрақұрылымы және сыртқы жарықтандыру желілерін салу жобаларын іске асыру жоспарланады», – деді шаһар басшысы.

### БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Бүгінде Алмалы ауданындағы Абай-Масанши көшелерінің қиылысындағы бұрынғы теміржол ауруханасының ғимаратын тарихи келбетін сақтай отырып қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар 2024 жылдың IV тоқсанында аяқталады деп күтілуде. Бұл жер кейін заманауи «Қалалық балаларды оңалту орталығы» болып ашылады. Әкімдік 2023 жылдың соңына дейін тағы екі жоба әзірлейді. Ескі ғимаратты бұза отырып, ревматологиялық орталықтың орнында Әйтеке би көшесінде 500 келушіге арналған жаңа емхана салу және Райымбек даңғылы, 312 мекенжайында психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бассейні бар спорт орталығын салу жобасы. Екі нысанның құрылысын 2024 жылдың көктемінде бастау жоспарланады.

### ● СҰРАҚ-ЖАУАП:

## Тұрғындар талабы ескерусіз қалмайды



Сұрақ қойған аудан тұрғыны қаладағы муралдардың мән-жайын сұрады.

– Муралдар төңірегіндегі жанжалға байланысты сұрақ қойсам деп едім. Қаланың келбеті жеке компаниялардың шешімдерінен зардап шекпеуі үшін тәуелсіз көркемдік сараптама жасауға бола ма? – деді ол.

Ерболат Досаев Алматының дизайн-қолын әзірлеу аясында муралдар мәселесі қаралып жатқанын айтты.

– Егер біз муралдарға ресми мәртебе бермесек, сұрақтар жалғаса береді. Алматының дизайн-қолын әзірлеу аяқталып жатыр. Онда муралдарға жеке мәртебе беру мәселесі қарастырылған. Ол қабылданғаннан кейін муралдарда жарнаманы орналастыруға және оны өзгертуге байланысты сұрақтар Қала құрылысы және урбанистика басқармасында қаралатын болады. Өкінішке қарай, Соца-сола оқиғасы МИБ-пен келісім төңірегінде болды. Өкілдер шартқа қол қойып, компания 1,5-2 миллион теңге берді де, тұрғын үй қабырғасына «бұл біздікі» деп жарнама орналастырды. Бұл бір

жағынан дұрыс, өйткені бүгінде муралдармен не істеуге болатыны туралы нақты ережелер жоқ. Қалада әртүрлі муралдар бар: бірі қорғауы керек көркем шығармалар, енді бірі әртүрлі себептермен пайда болғандары. Осының аясында біз аудандар бойынша муралдардың тізімін жасаймыз. Мен өнердің кеңеюі үшін муралдарды заңдастырғым келеді. Біз суретшілермен бірге қала үйлерінің сур қабырғаларын көркемдеу үшін жұмыс істейміз, – деді қала әкімі.

Алмалы ауданының кезекті тұрғыны жаңа қонақүй салынуына байланысты адамдардың наразылығын білдірді.

– Мұқанов көшесі, 313 мекенжайы бойынша 14 қабатты қонақүй кешенінің құрылысына қатысты тағы да қарсылығымызды білдіреміз. Себебі, тапсырыс беруші өртке қарсы қауіпсіздік, үйдің қабаттылығы және басқа талаптарға сәйкес келмейтін жобаны ұсынған. Сондай-ақ, жоба кемшіліктері көрсетілгеніне қарамай тиісті басқармаға жаңа құжаттарды ұсынбаған. Дегенмен, almatygenplan.kz сайтында бұл жоба бойынша «мақұлдан-

ды» белгісі тұр. Осы мәселені шешуге көмектесуіңізді өтінемін, – деді тұрғын.

Айтылған сұраққа Алматы қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов жауап берді.

– Тапсырыс берушілер бұл нысан бойынша бірнеше рет рұқсат алуға тырысты. Бірақ біз эскиздік жобаның архитектуралық-жоспарлау тапсырмасымен келіспейміз. Бүгінге дейін бірнеше сот болды және олардың нәтижесі бойынша рұқсат берілмеді. Қазір құрылыс жүргізіліп жатқан жоқ, – деді А.Ахмеджанов.

– Мен Қала құрылысын бақылау басқармасының басшысына бұл мәселені бақылауда ұстауға тапсырма беремін. Өзгеше нысан салынады деп алаңдауға себеп жоқ, – деді қала басшысы.

Өсет есімді тұрғын Никольск базары мен бұрынғы трамвай депосына байланысты ұсыныстарын айтты.

– Менің аты-жөнім – Өсет Наурызбаев, қаланың қоғамдық кеңесінің мүшесімін. Біздің ауданда екі маңызды қалалық нысан бар. Өкінішке қарай, олар қазір қара дақ сынды қала көркін бұзып тұр. Аудан әкімі қолынан келгеннің бәрін жасады, оның ішінде Никольск базарының нысанын қалдырғаны үшін алғыс айтамын. Енді базардың несімен күресу қалды. Менің ұсынысым бар: бұл нысанды несіз деп тану қажет, өйткені ол көптеген жылдар бойы қаңырап ол жатыр. Немесе меншік несімен сол жерді қалыпқа келтіріп, жаңа базар құру туралы келіссөздер жүргізу керек. Тұрғындарға тиімді бағада азық-түлік сатып, бірақ өздері де ақша тауып отырған базарлардың мысалдары әлемде көп қой. Екінші нысан – трамвай депосының ғимараты. Бауыржан Байбек жобаның ашық байқауын өткізді, ал Бақытжан Сағынтаев қоғамдық ғимараттың орнына түсініксіз сауда орталығының сапасыз жобасын жасады. Қазір бұл жобаны Құрылыс басқармасы жүзеге асырып жатыр. Сол себепті, әкімге өтінім бар – жоба әлі де қоғамдық талқылауға шығарылсын. Егер бұрынғы жоба қала

тұрғындарына ұнамаса, жаңа байқау өткізілсін, – деді Ө.Наурызбаев.

– Мен сізбен келісемін, қалада көрнекті нысандар жетіспейді. Біз тарихымызды мақтан тұтамыз және өткеннен қалған нысандарды қайта жаңғыртуға тырысамыз. Никольск базары бойынша, бүгінде оған иелік ететін адамдар бар. Тиісінше, сот немесе қылмыстық іс қозғалып, оның қорытындысы бойынша бұл жермен не істеу керектігі туралы шешім қабылданады. Жақында «Барыс» базарына қатысты сот шешімдері шықты. Нысан қалаға берілді, енді біз шешім қабылдаймыз. Никольск базарымен де солай болады. Мен бұл жерді иесіз деп танып, бір жылдан кейін өзіме ала аламын. Өйткені, қаладағы меншік құқығын ешкім жойған жоқ. Бірақ жақын уақытта осы бағыттағы өзге жұмыстар аяқталғаннан кейін Никольск базарына кірісеміз. Базардың өткені бар, бірақ соңғы 15–20 жыл ішінде нарықтың имиджі жақсы болмады. Сондықтан оны қалпына келтірудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Дегенмен, бәріне ыңғайлы болатын заманауи сауда орындарын жасау керек.

Ал депоға қатысты Құрылыс басқармасы бұл мәселемен айналыспайды, өйткені мен жобаны тоқтаттым. Қазір Алматының шығармашылық кеңістігін қалыптастыру жұмыстары аяқталып келеді. Жақын арада бұл ғимарат Алматының басты креативті хабына айналады. Бәрі дайын болған соң, біз жобаны көрсетеміз. Егер ескертүүлەر болса, оны енгіземіз, – деді шаһар басшысы.

**ТҮЙІН:** Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың ешқайсысын жауапсыз қалдырған жоқ. Алмалылықтарды мазалаған жол қауіпсіздігі, тазалық, қала келбеті, құрылыс, инженерлік желілер, жұмысқа орналасу, т.с.с. әлеуметтік мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктетті.

Әзірлегендер  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,  
Досбол АТАЖАН.



ОНЛАЙН-КЕҢІСТІК

# ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯ

Қазақ-қытай сауда айналымын 40 миллиард долларға жеткізуге мүмкіндік береді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында JD.com электронды коммерция алаңында Қазақстанның ұлттық павильонын салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты.

Президент өз сөзінде бизнесті онлайн-кеңістік арқылы жүргізу әлем экономикасының маңызды бағытына айналғанын айтты. Қазір электронды сауда нарығының көлемі 3,5 триллион долларға жетті. Бұл үдеріс жыл сайын артып келеді. Халықаралық онлайн сауда-саттықты дамыту ісінде Қытай өте маңызды рөл атқарады. Бүгін әлемдегі аса ірі электронды сауда алаңында Қазақстанның ұлттық павильоны ашылады. Бұл қадам екі елдің

алыс-берісін жандандырмақ. Былтыр Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 31 миллиард долларға жетті. Біз мұнымен шектеліп қалмаймыз. Электронды коммерция саласындағы әріптестікті одан әрі дамытамыз. Сонда екіжақты сауда айналымын жақын арада 40 миллиард долларға жеткізуге мүмкіндік туады. «Цифрлы Жібек жолы» бастамасы осы міндетті орындауға жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**JD.com (Jingdong Mall)** – Қытайдағы тауарлар мен қызметтер сатуға арналған ең ірі онлайн платформа

1998 жылы негізі қаланған онлайн ритейл алаңының 400 миллионнан астам пайдаланушысы бар. 2022 жылы JD.com 1 триллион юань таза пайда тауып, Қытайдағы электронды сауда алаңдарының арасында бірінші орынға шыққан. Қазіргі кезде платформада 40-тан аса елдің ұлттық павильондары жұмыс істейді. Қазақстанның ұлттық павильонын ашу жөнінде келісімге биыл наурыз айында қол қойылды. Бүгінде ұлттық павильонымызда еліміздің бірнеше өнім түрі сатылымға қойылған. Бұған қоса, алдағы уақытта экспорттық әлеуеті жоғары 15 отандық азық-түлік өндірушісінің өнімдерін (күнбағыс майы, кондитер өнімдері, сусындар) Қытай нарығына шығару жоспарланып отыр.

ДЕРЕК-ДӘЙЕК

**ҚАЗАҚСТАН– ҚЫТАЙ:**  
сауда-экономикалық қарым-қатынас

- Мемлекеттік сапар аясында жалпы құны 22 миллиард доллар болатын келісімдерге қол қойылды.
- Алматының Индустриалды аймағында жаңа зауыт кешені салынады. Өндірістік қуаты жылына 80 мың көлік шығаратын кәсіпорынның құрылысы 2023 жылы басталады. Кәсіпорын Қытай автомобиль өнеркәсібі көшбасшыларының стандарттары бойынша салынады. Жобаға салынатын инвестициялар 72 млрд теңгені құрайды. Бірінші кезеңде зауыт кешені халықты 1500 жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Өткен жылдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда-саттық көлемі рекордтық көрсеткішке – 31 миллиард долларға жетті.
- Қытай Қазақстан экономикасына қаржы құйған бес ірі инвестордың қатарына кіреді. Құйылған инвестицияның жалпы көлемі 23 миллиард доллардан асты.
- Мұнай экспортын көбейту үшін «Қазақстан–Қытай» мұнай құбырын кеңейту жоспарланып отыр.
- Ляньюньган портында қазақ-қытай логистика орталығы жұмыс істейді.
- Жаңа теміржол бағыттары ашылды. «Қорғас – Шығыс қақпасы» құрғақ порты жұмыс істей бастады. Каспий теңізінде заман талабына сай инфрақұрылым жасалды.
- Биыл бірінші тоқсанда жүк транзиті 35 пайызға артып, 7 миллион тоннадан асты.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ 7 БАҒДАР

Қазақстан–Қытай ықпалдастығын нығайтатын бағыттар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қытай экономикалық ықпалдастығын тереңдетуге мүмкіндік беретін бағыттарды атады. Олар:

1. Энергетика саласындағы байланысты нығайту.
2. Өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты жандандыру.
3. Электронды сауда саласында өзара алыс-берісті арттыру.
4. Агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты нығайту.
5. Құрлықтағы көлік дәліздерін дамыту.
6. Туризм саласын дамыту.
7. Қаржы саласындағы серіктестікті нығайту.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



**Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ,**  
филология ғылымының докторы,  
профессор:

## УАҚЫТ ЫРҒАҒЫНА ҚАРАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға ресми сапары бұрынғыдан мүлдем басқаша сипатта деуге болады. Сапар барысында Қытай Халық Республикасы мен Орта Азия елдері басшыларының бас қосуы Қытайдың саяси провинциясының орталығы, бұрынғы астанасы, қазіргі Сиань қаласында өтті.

Орта Азия елдері мен Қытай елінің басшыларының маңызды салтанатты кездесуі Кеңес одағы ыдырап, Орта Азия елдері тәуелсіздік жариялағаннан бері 31 жыл ішінде тұңғыш рет осындай форматта өтіп отыр. Басты мақсат – татулықты нығайтып, саяси сенімді әріптестікті, аумақтық қауіпсіздікті күшейту. Жалпы, Орта Азия аймағы ежелден бері әлемдік геосаясаттағы, әсіресе Ресей мен Қытай, Батыс пен Шығыс арасындағы үлкен ойын алаңына айналып келгені жасырын емес. Америка бастаған Батыс елдері Орта Азия елдеріне өзінің ықпалын өткізгісі келіп, біраз әрекет жасап келген болса, соңғы 10 жылда Қытай Орта Азияға ықпалын жасау үшін барынша белсенді әрекет етуде. Әсіресе, 2013 жылы

Астанаға ресми сапарымен келгенде Қытай Халық Республикасының төрағасы Назарбаев университетінде оқыған лекциясында құрлықтық Жібек жолын жандандыру мәселесін көтерген еді. Кейін Қытайдың билігі тарапынан бұл ұсыныс «Бір белдеу – бір жол» стратегиялық бағдарлама ретінде қабылданып, қазір сол жұмыс жүзеге аса бастады. Қазақстан Республикасы Қытай басшысының құрлықтық Жібек жолын жандандыру бағдарламасын, яғни «Бір белдеу – бір жолдың» бірі теңіз жолы болса, құрлықтық белдеудің Қытайдан аттап шыққандағы бірінші бекеті – Қазақстан. Сондықтан еліміз – Қытай үшін стратегиялық маңызы зор мемлекет. 1750 шақырымдық шекарасы бар елдер екінші жағынан «Бір белдеу бір жол» жүйесін жүзеге асыруда Батысқа қарай шығатын қақпа – Қазақстан болғандықтан елімізден қолдау тауып, әрі қарай да өзінің жалғасын табады деп есептейді қытай сарапшылары. Демек, осы бағытта да Қазақстанмен стратегиялық өзара сенімді әріптестікті, тату көршілікті нығайтуға Қытай билігі де мүдделі болып отыр. Бұл әрине, еліміздің экономикасын,

сыртқы саудасын, т.б. әртүрлі әріптестік бағытты дамытуда жақсы мүмкіндік деуге болады. Бұған дейін жасалған келісім-шарттар аясында атқарылған жұмыстарды жоққа шығара алмаймыз.

1992 жылы 3 қаңтарда Қазақстан және Қытай арасында ресми түрде дипломатиялық байланыс орнатылды. Содан бері қарай да көптеген келісім-шарт жасалды. Өзендерді ортақ пайдалану, шекаралық саудада, ауыл шаруашылығы мен ғылым-білім, т.б. салаларда жан-жақты стратегиялық әріптестік мақсатында сансыз келісім жасалды. Олардың бәріне оңды баға беруге болады. Нақты уақытында жасалған келісімдердің арқасында Қытайдың экономикасына да айтарлықтай көмегі тиді. Қытайдың инвестициясы Қазақстан экономикасының дамуына да үлкен серпін бергені рас. Әрине, 30 жыл ішінде Шығыстағы алып көршімізбен экономикалық салада бірқалыпты нәтижелі байланыс орнады деп толық айтуға болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жолғы Қытайға сапарында Қытаймен арада визасыз тәртіп орнату туралы келісім-шартқа қол қояды деген ақпарат қызу талқыда. Талқылануға тиіс мәселе. Себебі, біздің халқымыздың саны мен Қытайдың халық санын салыстыруға келмейді. Осындай демографиялық теңсіздік жағдайда визасыз қарым-қатынасты жүзеге асыру әлі де пысықтауды, қайта қарауды талап етеді. Бірақ визасыз тәртіпке қол қояды деген ресми ақпарат емес. Менің ойымша, визасыз режим қағазбастылықтан құтқарады. Уақыттың ырғағына қарай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.



**Өміртай БІТІМОВ,**  
Генералдар кеңесінің  
Астана қаласындағы  
филиалының  
төрағасы,  
саясаттанушы:

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

«Орта Азия – Қытай» саммитінде біраз құжатқа қол қойылды. Көпшілік арасында қызу талқыға түскен мәселе – визасыз тәртіп. Біраз жыл шетелде, сыртқы істер саласында қызмет істедім. Тәжірибе байқағаным, біздің ел тек Қытаймен ғана емес, басқа дамыған, дамушы елдермен де байланыс орнатуға тиіс. Қытаймен байланыс туралы неше түрлі алыпқашпа әңгімелер айтылып жүр. Бізде шекара қызметі, Ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс саласы бар. Визасыз тәртіп енгізілгенімен, тексеріс қатаң болады. Елімізге ешқандай қауіп төнбейді деп сенімді түрде айтуға болады. Эко-

номиканың дамуы үшін өте керек келісім деп санаймын.

1992–1995 жылдары Түркияда консулдық жұмыс істегенімде Түркия мен Қазақстан арасында екі жақты қол қойылды. Осындай әңгіме сол кезде де айтылды. Бірақ сол келісім арқылы екі ел де айтарлықтай пайда көрді. Әр нәрседен қауіптенудің қажеті жоқ. Мемлекет жасаған мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек деп санаймын. Президенттің Қытайға сапары барысында қол қойылған құжаттардың бәрінің түп негізі – экономикалық даму. Қытайдың үлкен потенциалын дұрыстап пайдалану керек.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Коллажы жасаған Нұрбоосын ӨСЕРҰЛЫ.



## ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

# ТАБИҒАТЫ ТАҢҒАЖАЙЫП АЛМАТЫ

### Шаһарда туризм саласын дамытуда кең ауқымды жұмыстар жүргізілуде

**Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Әлемде дамуы жағынан дес бермей келе жатқан ауқымды кең саланың бірі осы – туризм саласы. Бүгінде дәл осы сала арқылы дамып, байып қана қоймай, елдің ішкі және сыртқы экономикасын қалыптастырып отырған мемлекеттер жетерлік. Жасыратыны жоқ, біздің елімізде бұл сала еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дами бастады. Соған қарамастан аз уақыт ішінде бүгінгідей күнге жету еліміз үшін үлкен жетістік.

Алматы бүгінде шетелдік саяхатшыларды өзіне баурап алуда көш бастап тұрған қала. Инфрақұрылымы сапалы, мәдени ошағы кең, қонақжайлығы және көз тартатын жәдігерлерімен ерекшеленетін алып қаланы бүгінде әлем таниды.

#### Сапалы қызмет – басты міндет

Иә, мыңжылдықтың бедеріне Алматы жептәуір өзгерді. Миллиондар тоғысқан қалада тарихи келбетін сақтай отырып, заманауи үлгіде түрленген ғимараттар көбейді. Аспанмен таласқан зәулім үйлер де қаланың көркіне ерекше сән беріп тұр. Түптеп келгенде, мұның барлығы туризм саласын дамытудағы жаңашылдықтарға жол ашуда.

Бүгінге дейін Алматыда тау кластерін дамыту, туристік өнімдерді әзірлеу бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Оның ішінде, ұлттық парктерді, қалалық бағыттарды дамыту және жаңа ақпараттық нүктелерді ашу жобасы жүзеге асуда. Бұл қала билігінің бұл саланы дамытуға барынша жағдай жасап жатқанын көрсетеді. Туристер санын көбейту мақсатында ішкі экономиканың артуына әсер ететін жобалар жүзеге асып жатыр.

Әлбетте, Алматының жасыл желегі мен әсем табиғаты өз алдына. Бірақ туристер үшін қалада соңғы жылдары қонақжайлығымызды көрсете алатын әлемдік деңгейдегі қонақүйлер бой көтерді. Көптеген визит-орталықтар ашылып, таудағы инфрақұрылым дами түсті. Осы тұста «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» деген атаумен Алматының елімізде құрылған алты мәдени-туристік кластердің қатарына кіргенін айта кеткен жөн. Сала мамандарының айтуына қарағанда, қазіргі кезде әлем бойынша шетелдік туристердің қалаға деген сұранысы жоғары. Бұл ретте туристерге арнап жақсы жағдай мен дұрыс қызмет көрсетуді қалыптастырудың маңызы зор.

**Алматы тамсанбауға болмайтын тұмса табиғатымен кез келген шетелдікті өзіне баурап ала алады. Сондықтан болар, Алатау баурайындағы әсем қалаға бүгінде қызыға да, қызғана да қарайтындар көп.**



#### Іскерлік бағытта туристер көп келеді

Бүгінде Алматы іскер туристердің де сүйікті қаласына айналған. Соның дәлелі болар, мегаполисте туризмді дамыту мақсатында түрлі шаралар көптеп өтеді. Қаладағы туристік компаниялар халықаралық көрмелерге қатысып, қала аумағында конференциялар өткізеді. Шетелдік саяхатшыларға қызмет көрсететін компаниядағы қызметкерлерге тренингтер өткізіледі.

Мәселен, өткен аптада Алматыда Еуро-Азия өңірлік хайуанаттар мен аквариумдар қауымдастығының жыл сайын өтетін дәстүрлі халықаралық конференциясы өтті. «Қазақстан» қонақүйінде ұйымдастырылған іс-шараға әлемнің 21 елінен (Германия, Қытай, Малайзия, Түркия, Швеция, Бразилия, Әзербайжан, БАӘ, Өзбекстан, Беларусь, Ресей, Чехия, Тәжікстан, Қырғызстан, Армения, Словакия, т.с.с.) 160-тан астам делегат қатысты. Шара барысында біз шетелдік делегаттарды әңгімеге тарттық. Олардың Алматыға деген ерекше қызығушылықтарына тәнті болып, Алматының тұмса табиғаты кез келген шетелдікті өзіне баурап алуға қауқарлы екеніне қуандық. Әлбетте, ол үшін қалаға туризмнің тынысын ашып, арнасын кеңейтетін шаралар қажет. Бұл ретте қызмет

көрсету сапасын заманауи стандарттар деңгейіне көтеріп, ақпараттық насихат жұмыстарын бір жүйеге келтірудің маңызы зор.

#### «Мен Алматының тауын сүйем...»

Байқағанымыз, шетелдік туристер қаланың келіскен көркі мен табиғатын тамашалаудан бөлек, оның тау-тасын аралағанды өте жақсы көреді. Сондықтан олар «Медеу» спорт кешені, «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты, Үлкен Алматы көлі, Алма-Арасан шатқалы, «Көктөбе» саябағы, 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы парк, «Көкжайлау» секілді танымал жерлерге көп ат басын бұрады.

Алматы қаласы Туризм басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, бүгінде қалада аталмыш саланы дамыту бойынша кең ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Таулы жерлерде туристік бағдарлауды жақсарту мақсатында соңғы 3 жылда Ой-Қарағай, Кіші Алматы, Кімасар, Бутаковское, Қотырбұлақ, Горельник шатқалдарында жалпы ұзындығы 325 шақырым 25 тау соқпағын абаттандыру аяқталды. Ағымдағы жылы Үлкен Алматы шатқалында ұзындығы 150 шақырымнан астам 10 тау соқпағы абаттандырылады. Барлық бағыттарда ақ-

параттық қалқандар, стендтер, көрсеткіштер, орындықтар, күркелер пайда болды.

Міне, күн жылына бастағалы Алматыда абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бұл жұмыстар да Алматының туристер қызығатын келбетін жоғалтпауға зор мүмкіндік береді.

Қазақстанда ішкі туризм де жақсы дамып келеді. Бұрындары шетел асуға құмартақан халық енді өз елінің бай мұрасын зерделеп, оны кейінгі ұрпаққа тағылым етуді мақсат тұтуда. Соған орай Алматыда таулы аймақтарда туризм инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде таулы аймақтарда түрлі демалыс орындары ашылып, аймақтар абаттандырылды. Глэмпинг қонақүйлер салынды. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында да бірқатар шаралар жүзеге асуда. Арнайы тікұшақ алаңы, лашықтар салынып жатыр. Таулы аймақтарда туристік навигацияның бірыңғай жүйесін құру да жоспарда бар.

Бүгінде Алматыда туризм саласының кадрлық әлеуетін дамытуға да ерекше ден қойылған. Жыл сайын экскурсоводтарға арналған семинарлар, әуежай, теміржол вокзалдары қызметкерлері үшін тренингтер ұйымдастырылып жүр.

**ТҮЙІН:** Бүгінде Алматыда туризмге қатысты бизнестің барлық түрі дамыған. Сонымен қатар, заманауи трендтердің барлығы алдымен Алматыға келеді. Бұл Алматының экономикалық жағынан өте қуатты қала екенін көрсетеді.

#### Туризм-2022 Шетелден қанша турист келді?

Мемлекет	2021 (мың адам)	2022 (%)
Италия	6,2	+8,2
Оңтүстік Корея	6,4	+2,7
Украина Беларусь	6,6	-11
Беларусь	7,2	+69,5
БАӘ	8,3	+3,2
Франция	8,7	+88,7
Сауд Арабиясы	5,3	+8,2
Үндістан	10,1	+14,6
Ұлыбритания	11,1	+2,2
Қырғызстан	11,9	+ 2,9
Германия	12,4	+2,3
АҚШ	18,2	+2,1
Қытай	37,2	+5,2
Түркия	42,1	+94,1
Ресей	318,6	+3,6

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

# ЫСЫРАП

## ырзығың мен ырысыңды азайтады

Өткен айда осы жылдың тамыз айында болатын тойға шақырту алдым. Жұрт той жасайтын уақытты жарты жыл, тіпті бір жыл бұрын белгілеп, мейрамханаларға тапсырыс беріп қояды екен. Бұрын тойға 1-2 ай бұрын әзірленуді бастаса, қазір тойлардың көптігі, ауқымдылығы соншалық, ерте қамданатын көрінеді.

Айнұр  
СЕНБАЕВА

### ТОЙ БИЗНЕСІ

Жалпы, қазақ халқы жыл он екі ай тойлаудан жалықпайды. Міне, тағы бір той маусымы басталып, мейрамханалар тойшы қауымға толды. Елімізде соңғы 10–15 жылда той жасаудың ауқымы кеңейгені соншалық, екіншісі бірі қит еткен қуанышын атап өтіп, мейрамханаларға жүздеген адамды жиып, думандата беретін болған. Тойханалардың күн санап көбейгеніне қарамастан той маусымы кезінде аптаның жеті күнінде де бос мейрамхана табу қиын. Сұраныстың жоғары болғандығынан да жер-жерде, қалалар мен аудандарда, ауылдарда зәулім-зәулім тойханалар салынған еді. Пандемия жылдары кең сарайдай мейрамханалар бірталай уақыт қаңырап бос тұрды. Енді міне, тойханалар қайта жанданып, жаңа үлгідегі тойхана ғимараттары бой көтеріп жатыр. Ірі қалаларда мектеп, оқу үйірмелері, емхана секілді әлеуметтік маңызы бар дүниелерге жер жетпей жатса да, тойханаға келгенде жер табылады.

Қазақтың тойының арқасында тойхана иелері ғана емес, біраз кәсіпкер мен саудагерлер де қалтасын қампайтып келеді. Той-бизнес қызып тұрса, азық-түлік, киім-кешек, ұсақ-түйектің саудасы қызады. Үйдегі еңбектеген баладан бастап бәріміз тойға барарда шырғаттай боп киінеміз. Кейбір тойларға арнайы дрес-кодпен бару да сәнге айналған. Той залын безендірушілер, асабалар мен әнші-бишілер, музыканттар, торт пісірушілер, сән салондары, аспаздар мен даяшылар, фотографтар – бәрі-бәрі той арқылы жандарын бағады.

Той жасап жатқан, тойдан қалмайтын жандарға қарап, қарызы, уайым-қайғысы жоқ, тоқшылықтан тойға шашылып жүр екен деп ойлайсың. Алайда, тойшыл қауымның көбі 5-6 сағаттық той үшін банктен 5-6 жылға кредит алып, қарыздың қамытын киіп алатыны жанды жабырқатады.

Қазақтың тойға шамадан тыс шашылуы, бәсекелестік, ысырапшылық әлемді індет жайлаған жылдары аздап саябырлағандай болды, бірақ сол кездерде де мейрамханалардың артқы есігінен кіріп, тығылып той жасағандар да болды.

Біз тойды өзіміз үшін емес, өзгелер үшін, мақтан үшін жасап, шамамызға қарамай шектен тыс шашылып, қарызға белшеден батып, астамшылыққа бой алдырғанымызды мойындағымыз келмейді. Бұл туралы бір кезде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі де айтып, қазақтың тойының ұлттық дәстүрден алыстап кеткеніне алаңдаушылық білдірген болатын.

Дәстүр демекші, қазақтың тойы – халық мәдениетінің, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің көрінісі деп жатамыз ғой. Бірақ көзбояушылықтың көп екені өтірік емес.

Біріншіден, тойға келген 200–300 адам заманға сай түрлі киім киіп келеді. Бірінікі арзан, бірінікі қымбат. Бұл жерде қандай ерекшелік, ұлттық белгі бар? Ешқандай. Жалпы, тойда қыз ұзату, беташар, тұсау кесу секілді салт-дәстүрлер сахналық қойылым секілді өтеді.

Екіншіден, той несімен қызық? Би, жауыр болған әзілдер мен ойындар, тілек... Тойға келген 200 адам ортаға 20–30-дан



### ● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Ерлан ҚҰЛШЫНБАЙ, асаба:

## МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ТОЙДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ӨЗІ ТАМАША

*Той жүргізіп келе жатқаным біраз жыл болды. Жыл сайын тойлардың деңгейі өсіп, тойшы қауымның мәдениеті де жоғарылады деп айта аламын. Қазір көпшілікке үлгі боларлық тойлар көп. Жақында қазақтың қыз-келіншектеріне білім беріп, қоғамға өзінің зор пайдасын тигізіп жүрген бір қарындасымның тұрмыс құру тойын жүргіздім. 300 адам жиналған той өте мәдениетті, тартымды өтті. Ең бір ершелігі, тойда ұзын-сонар тілек, тост болған жоқ. Жас жұбайларға тілегін айтқысы келген адамдардан сұхбат алынып, арнайы мобилографтар тілектерін видеоға түсіріп алды. Есесіне, жақсы әндер шырқалып, ойындар ұйымдастырылды, тойға келген адамдар тек сырттан шақырылған әншілерді тыңдап қана қоймай, өздері де ән айтып, ойын ойнап көңілдерін көтерді. Тойға жиналған қаржыны жас жұбайлар толығымен қайырымдылыққа аударды. Тойшы қауымның деңгейі биік, мәдениеті жоғары болғанда мұндай тойды жүргізудің өзі тамаша. Орынсыз әзіл, ерсі қылықтарға жол берілмейді. Меніңше, уақыт өте келе халықтың той өткізуге деген көзқарасы, талғамы, сұранысы жоғарылай береді. Той – халықтың қазынасы. Тойсыз қазақты елестету мүмкін емес.*



топырлап шығып тост сөйлейді, бәрінің айтатыны бір тілек.

Үшіншіден, аста-төк жасалған дастарханда қазақтың ұлттық тағамдары самсап тұра ма? Жоқ. Еттен басқа ұлттық тағамдар жоқтың қасы.

Төртіншіден, тойға теледидардан көрген әншілерімізді шақыруға құмармыз. Олардың фонограммалармен айтқан бір-екі әніне маз болып билеп, қаумалап суретке түсеміз. Үйде бірінен бірі аумайтын той суреттері жиналып қалады.

Бесіншіден, тойда 4-5 сағат бір орында отыратын екі жас өздері танитын, танымайтын қонақтардың тілегін тыңдаудан жалығады, тұсауы кесілетін кішкентай баланың мазасы кетеді дегендей, өз тойымыздан ләззат ала алмаймыз, шаршап-шалдығамыз. Көп жағдайда той аяқталғанша той иесінің жүйкесі тозып, күйзеліске ұшырайды. Сонда мұндай тойлар қазаққа не береді? Сондықтан да қазіргі таңда той тойлаудың жөні осы екен деп, той жасау

үшін қарыздың үстіне қарыз жамамай, ер-теңіміздің қамын ойлағанымыз жөн-ақ.

### ШЫҒЫН ҚАНША?

«Басқа тойды тойламасаң, тойлама, екі жастың бақыт тойы тойлансын» демекші, қуанышы да мол, шығыны да көп тойдың төресі – үйлену тойы. «Құдаларын құдайындай сыйлайтын» қазақтар үйлену тойында ерекше шашылады. Бір қазақ отбасы үйлену тойына шамамен қанша қаражат жұмсайды, есептеп көрейікші.

Тойға сойлатын той малының бағасы әр өңірде әртүрлі, шамамен 300 000 – 750 000 теңге аралығы. Ал еліміздің батыс өңірлерінде қымбат қызыл балықты табақпен тартады. Қызыл балықтың бір табағы шамамен 40 000 теңге болады десек, кемінде бір тойға мұндай 10–12 табақ балық керек.

Мейрамхана мен ас мәзіріне ереше мән береміз. Үйлену тойының дастарханына 1-1,5 миллион теңге жұмсалады екен, оның ішіне алкогольдік ішімдіктер кір-

мейді. Өйткені, қазіргі кезде ішімдіксіз «халал» тойлар көбейген. «Халал» тойларда 2 миллион теңгеді үнемделеді. Мейрамханалардың орналасқан жеріне, ғимаратының кеңдігі мен сұлулығына, ас мәзірінің сан алуандығына байланысты бағасы да шарықтап тұрады. Алматыдағы орташа тойханалардың құны адам басына кемінде 20 мың деп алсақ, сонымен тойхананы жалға алу құны 500 000 теңгеден 700 000 теңгеге дейін барады.

Той көйлегі, туфли, қалыңдықтың әшекейлері, макияж – 400 000 – 2 млн теңге аралығы. Той көйлегінің бағасы 200 000 теңгеден басталады. Күйеу жігіттің костюмі – 100 000 – 150 000 теңге, неке жүзіктері 150 000 теңгеден басталады, неке сарайында неке қидыру – 30 000 теңге, Love story түсіру құны – 80 000 – 800 000 теңге аралығы. Көлік жалдау – 40 000 – 800 000 теңге аралығы. Тойхана залын сәндей (баннер, гүлдер, тойбастар) – 300 000 – 10 000 000 теңгеге дейін барады.

Тойға асаба, әнші, бишілерді жалдау да арзан емес. Асаба кемінде 400 000 алады, ірі қалалардағы танымал асабалардың ақысы 1,5 миллионға дейін барады. Әншілер мен бишілердің алатын ақысы кемінде 100 000 теңгеден басталады. Хит әндердің орындаушыларын тойға шақырсаңыз, 2-3 ән айтқаны үшін 10–12 мың доллар ақшаныз дайын болу керек. Орташа деңгейдегі әншілер 5-6 мың АҚШ долларын сұрайды. Фото, видео-түсірілімнің бағасы 300 000 теңге мен 1 миллион теңге аралығында.

Үйлену тойына арналған тортың құны 40 000 теңгеден басталып, 150 000 теңгеге дейін жетеді. Той басталар алдында фуршет ұйымдастырғыңыз келсе, адам басына 5000 – 30000 теңге аралығында шығынданасыз.

Әдетте той кемінде 100 адамға есептеледі. Байқап отырғанымыздай орта деңгейде той өткізу үшін кемінде қалтада 10 000 000 теңге ақша болу керек.

Үйлену той жасағанда қыз жақ та, жігіт жақ та бірдей шығынданады. Құдалардың бір-біріне киіт кигізуі, алтынмен аптап, күміспен күптеуі, қалыңмалы, қыз ұзату, жасауы, құда күтуі, сырға салуы, алыс-берісі, түгелі қаржылай шығынды қажет етеді. Тойға келген қонақтар күрқол келмейді. Дегенмен, тойдың жартылай шығыны ақталуы екіталай.



## ТАҒАЙЫНДАУ

Төрт ауданға  
жаңа әкім  
келді

Кадр мәселелері жөніндегі кеңес барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Президенті Әкімшілігінің және Алматы қаласы мәслихатының келісімі бойынша қала әкімінің өкімімен лауазымдарға тағайындалған аудандардың жаңа әкімдерін ұжымға таныстырды.

**Наурызбай ауданының әкімі болып Назира Тогызбаева тағайындалды.** Ол 2021 жылдың қаңтар айынан бастап Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып жұмыс істеді.

**Әуезов ауданының әкімі қызметіне Абзал Егембердиев тағайындалды.** Ол 2022 жылдың тамыз айынан бастап қаланың Мемлекеттік активтер басқармасын басқарды.

**Бостандық ауданының әкімі Санджар Алиев болды.** Тағайындалғанға дейін ол Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы қызметін атқарды.

**Алматы ауданын енді Айдар Жақыбаев басқарады.** Ол 2023 жылдың қаңтар айынан бастап Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

## ТҮЛЕКТЕР ЖҰМЫС ТАҢДАЙДЫ

Алматыда «Workfest» бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Ауқымды шараға 40-тан астам кәсіпорын қатысты.



Айнұр  
СЕНБАЕВА

«Workfest» немесе «Jobfest» жәрмеңкесіне теміржол, автомобиль көлігі және вагон, локомотив шаруашылығы, автомобиль және темір жол құрылысы, жасанды құрылыстар, газ-мұнай құбырлары, мұнай қоймалары, телекоммуникациялар, автоматика, электр энергетикасы, экология, тіршілік қауіпсіздігі салаларындағы ірі компаниялар шақырылады. «Workfest» аясында студенттерге компания өкілдерімен сұхбаттасуға және өз дағдыларын бағалауға мүмкіндік беретін арнайы формат – Speed Recruiting өткізіледі.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі – студенттер мен түлектерге беделді компаниялардың өкілдерімен кездесуге және бос жұмыс орындары, тағылымдамалар және кәсіби тұрғыдан өсу мүмкіндігі туралы білуге берілетін зор мүмкіндік.

– Біз жыл сайын ақпан айынан бастап қаламыздағы, өңірлердегі біраз компанияларға бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысуға ұсыныс айтып, хат жазамыз. Биыл біздің ұсынысымызға орай 40-қа тарта кәсіпорын кері байланысқа шығып, 100-ден астам бос жұмыс орындарын ұсынып отыр. Бұл жәрмеңкеге бітіруші түлектермен қоса жоғары курс студенттері де қатыса алады. Біздің білім беру бағыттарымызда инженерия және инженерлік іс, көліктік қызметтер көрсету, телекоммуникация, ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар, сәулет және құрылыс секілді 6 сала бойынша түрлі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



мамандықтар ұсынылады. Ірі-ірі компаниялар жәрмеңке кезінде өздерінің жұмыс бағыттары жөнінде шеберлік сабақтарын өткізіп, біраз мәліметтер береді. Компаниялардың өкілдері сту-

денттермен жақынырақ танысады, қарым-қабілетін, біліктілігін бағалайды. Бұл да жәрмеңкенің үлкен ерекшелігі. Студенттер бірден жұмысқа орналасып кетпесе де, нақты шешім қабылдасамаса да, компаниялар туралы біраз мағлұмат алады, жұмыс шарттарымен танысады, өздерінің де ұсыныстарын айтады. Кейде студенттер жұмыс берушілерге тұрғынүй, қосымша ақы, басқа да шарттары жайлы сұрап, өздеріне ыңғайлысын таңдайды. Біз жекелеген мамандықтар бойынша түлектердің 3 айда, 6 айда, бір жылда жұмысқа орналасуын қадағалап, көрсеткіштерді бағалап отырамыз. Біздің түлектеріміздің жұмысқа орналасу көрсеткіші өте жоғары, жекелеген мамандықтар бойынша 85 пайызға дейін жетеді, – дейді шараны ұйымдастырушылар.

## БАЙҚАУ

## ӘЖЕЛЕР ӘЛЕМІ

Алматыда аяулы апалар арасында шығармашылық байқау өтті



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Мегаполисте «АСЫЛ ӘЖЕ-АЛМАТУ» шығармашылық байқауының қалалық кезеңі өтті. Байқаудың мақсаты – қарттарды қоғамдық іс-шараларға тарту, жастардың назарын аға буынға аудару, әжелердің көңілін көрсету, отбасылық дәстүрлерді нығайту.



Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Шығармашылық байқау немере-шөберелері бар 61 жас-тан асқан аяулы апалар арасында өтті. Қатысушылар «визит карточкасы», «аспаздық шеберлік», «стапқырлық», «дефиле», «би», «вокалдық нөмірлер» номинациялары бойынша сайысты.

Бұған дейін байқау Алматы аудандарында, барлық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында өткен болатын. Нәтижесінде 12 финалист анықталып, қалалық кезеңде өнерлерін көрсетті.

Ұйымдастырушылар – Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір орталығы» мен «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» ҚБ.

(Әжелер сайысын толығырақ келесі нөмірден оқи аласыздар).

## ТУРИЗМ

Алакөлге барар жол  
тегістелді

Енді жаңа туристік маусымда Алматыдан Алакөлге тақтайдай тегіс автожолмен жүйткіге болады.

Жұмыс 2018 жылы басталса да, асфальт тимеген тек 3 шақырым аралық қалған. Облыстың Көлбай, Қабанбай ауылдарындағы көпір құрылысына байланысты тұралаған. Жоспарға сай, мұндағы жұмыстар маусымның соңына таман аяқталады деп күтілуде. Оған дейін темір тұлпар мінгендерге ыңғайсыз болмауы үшін осы аралықтарға су себіліп, ара-тұра жол тегістеліп тұрады.

«Туристік маусымға байланысты Алматы қаласынан Алакөлге дейінгі жолға толықтай асфальт төселіп, қауіпсіз жол қозғалысы қамтамасыз етілді», – деп мәлімдеді «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Алматы облыстық филиалының директоры Нұрхат Ақылтаев.

Айтайын дегеніміз, маусым айында Алматыдан Алакөлге дейінгі аралықтағы бес жерден соңғы үлгідегі дәретханасы бар жабық кешен қойылатын болады. Бұл туристік әлеуетті арттырып, аймақтағы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Суық судан  
ажыратылады

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы Су» МКК алдағы аптада Алматы мен Алматы облысының бірнеше тұрғын алаптарын суық судан ажыратуды жоспарлап отыр. Бұл бұқтырма көшесі мен Құлжа тас жолы қиылысындағы жол-көлік айрығын салу жұмыстары шеңберінде құрылыс орындарының астынан Д-1400 мм, Д-1200 мм су тартқыштарын шығару үшін қажет. Жұмыстар үш кезеңде жүргізіледі.

Демек, 1-ші кезең бойынша 21 мамыр күні сағат 22.00-ден 22 мамыр күні сағат 09.00-ге дейін төменде көрсетілген аумақта орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға, атап айтқанда, Түркісіб ауданы, «Нұршашқан» шағынауданы, «Қайрат» шағынауданы; Алматы облысы Талғар ауданы, Белбұлақ, Гүлдала, Луч, Тұздыбастау, Түзусай, Бірлік, Бесағаш елдімекендері; оның ішінде «Аспан Сити», «Алтын Сити», «Нұрия», «Достар», «Nomad City», «Tomarix City», «Бесағаш» тұрғын үй кешендері, Құлжа жолы бойында орналасқан коммерциялық нысандар (қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, автосалондар және т.б.) суық су беру уақытша тоқтатылады.

24 мамыр күні сағат 23.00-ден 26 мамыр күні сағат 9.00-ге дейін «Nomad city» ТК суық судан ажыратылады.

Жұмыстың соңғы 3-кезеңін орындау 28 мамыр күні сағат 22.00-ден 30 мамыр күні сағат 09.00-ге дейін мына мекенжайларда Түркісіб ауданы, «Нұршашқан» шағынауданы, «Қайрат» шағынауданы; Алматы облысы Талғар ауданы, Белбұлақ, Гүлдала, Луч, Тұздыбастау, Түзусай, Бірлік, Бесағаш кенттері; оның ішінде «Аспан Сити», «Алтын Сити», «Нұрия», «Достар», «Nomad City», «Tomarix City», «Бесағаш» тұрғын үй кешендері, Құлжа жолының бойында орналасқан коммерциялық нысандар (қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, автосалондар және т.б.) су болмайды. Уақытша келтірілген қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Анықтама телефоны: 274-66-66.





● АССАМБЛЕЯ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**ОТАНДЫ ДАМУ – ОРТАҚ МҮДДЕ**

Еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевтың ҚХА XXXII сессиясында айтқан мәселелерін талқылау бойынша Алматы қаласы ҚХА Ғылыми-сарапшылық тобының басқосуы өтті.

Философия, саясаттану және дінтану институтында өткен жиынға Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, институт ғалымдары, БАҚ өкілдері қатысты. Басты тақырып – «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму».

Жиынға модераторлықты – Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымының докторы Мұхтарбек Шайкемелев жүргізді.

«Дөңгелек үстелге» жиналғандар еліміздегі этносаралық татулық пен бірлікті нығайту, бейбіт заманның қадірін білу, азаматтардың патриоттық сезімін арттыру сынды ойларды ортаға салды.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы көптеген саяси үдерістерден қалыс қалған емес. Үнемі елдің мұң-мұқтажын айтып, келелі мәселелерді ортаға салып келеді. Дербестік жылдары қушті құрылымы бар, ел-жұрт сөзін тыңдайтын ұйымға айналды, – деді философия ғылымының докторы М.Шайкемелев.

Басқосуда маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерге белсенді қатысу қажеттігі айтылды.

– Әділетті Қазақстан бастамасы өте бір пайдалы, елге кәделі жұмыс істеуде. Тың мүмкіндіктер жүзеге асуда. Ендігі кезекте осы биіктен түспеу қажет. Құр ұрандатпай, ортақ Отанымызды дамытудың тетіктерін қарастыра берген абзал. Ол үшін ең керегі ауызбіршілік, – деді Алматы қаласы ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары, Қазақстан орыс мәдени орталығының төрағасы Всеволод Лукашев.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● ХУСАМУДДИН ӘС-СЫҒНАҚИ – 800

**ҒАЛЫМ ӨНЕГЕСІ**

Оның еңбектері діни ілімнің негізін қамтып, сенім мәселесін қарастырады

Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығымен бірлесіп, Сығанақ шаһарынан шыққан ислам ғұламасы Хусамуддин әс-Сығнақидың 800 жылдық мерейтойына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ислам өркениетінде өлшеусіз із қалдырған әс-Сығнақидың еңбектері тек біздің елде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі тарихи мұражайларда бар. Конференцияға еліміздің ғалымдарымен қатар шетелдік ғалымдар қатысып, әс-Сығнақидың еңбегі мен қолжазбалары туралы баяндама жасады.

Халықаралық конференцияда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы баяндама жасады. Сондай-ақ, жиында Мысыр Араб Республикасы Президентінің Ислам істері жөніндегі кеңесшісі, әл-Азһар университетінің профессоры, шейх Усама әс-Саид Махмуд Мұхаммед әл-Азһари, Мысыр Араб Республикасының Уақып вице-министрі Махмуд Абдулхалек Абдулхалек әл-Фархани, халықаралық Ислам ұйымдарының өкілдері ғұлама бабамыз туралы тың деректермен бөлісті.

«Қазақ топырағынан шыққан ғұламалардың өнегелі өмірін, сіз бен бізге қалдырған рухани бай мұрасын жастарға, жалпы қоғамға дәріптеу – баршамыздың борышымыз, қасиетті парызымыз. Өздеріңіз жақсы білесіздер, біз өткен жылы көрнекті тұлғамыздың есімін дәріптеу мақсатында Астана қаласындағы әс-Сығнақи даңғылының бойында ҚМДБ-на қарасты Хусамуддин әс-Сығнақи атында Ислам институтын аштық», – деді Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шамшәдин КЕРІМ, Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің профессоры:

Хусамуддин әс-Сығнақидың еңбектері бүкіл әлемде зерттеліп жатыр. Оның мұрасы әлі толықтай зерттелген жоқ. Түркияда, Сауд Арабиясында, Египетте ойшылдың еңбектері туралы 10-ға жуық диссертациялар қорғалды. Сығнақидың грамматика туралы 2 еңбегі Сауд Арабиясында докторлық диссертацияның өзегіне айналған. 3 томдық, 5 томдық еңбектері сол елде қорғалып, кейін 8 томдық кітап болып шықты.

Араб елдеріндегі еңбектердің көбісі қолжазбаның немесе кітаптың бір қырын ғана зерттеп жатады. Біз әс-Сығнақидың белгісіз еңбектерін толық қамтып, көрсетуге тырысамыз. Себебі, ол Қазақстаннан шыққан ислам дінін дамытуға үлес қосқан ірі ғалым. Өз заманында мойындалған. Мұсылман елдерінде әлі күнге дейін зерттелуде.

Ғұламаның қалдырған ауқымды ғылыми еңбектеріне қарап, әс-Сығнақиды орта ғасырдағы әл-Фарабиден кейінгі ұлы ғалымдардың біріне жатқызуға әбден болады. Келешекте әс-Сығнақидың туындылары, мұралары жеке-жеке арнайы терең зерттелетіні анық.

● МУЗЕЙ ТҮНІ

**ХАЛЫҚ МҰРАЖАЙҒА АҒЫЛДЫ**



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

18 мамыр – «Халықаралық музейлер күні» кәсіби мерекесіне орай, Алматыдағы бірнеше музейде «Музей түні» акциясы өтті. Ең алғаш 2006 жылы ҚР Мемлекеттік орталық музейінде «Музей түні» акциясы ұйымдастырылған еді. Содан бері Алматыда қала тұрғындары мен қонақтарына музей жәдігерлерімен танысуға мүмкіндік беретін бұл акция жыл сайын өткізіліп келеді.

Бұл жолы да ҚР Орталық музейіндегі «Музей түні» акциясына халық өте көп жиналды. Бала-шағасын ерте келген отбасылардың назарына музей қоры мен жеке коллекциялар негізінде ұйымдастырылған көрмелер ұсынылды. Жиылған жұрт Зарина Алтынбаева, Жәмила Серкебаева, Бауыржан Тәңірберген, Олжас Шерхан, Қуандық Үсен, Руслан Нұрғали сынды белгілі әншілер мен Алматы қаласы Әкімдігінің концерттік оркестрі, «Берен» вокалдық тобы, «Шабьт», «Кербез» би ансамбльдері, «Нәзік» жетігеншілер ансамблі қатысқан концерттік бағдарламаны тамашалады.

Музейге келген қонақтарды «Алтын адам», сақ патшайымы Томирисдің костюмін киген музей қызметкерлері сән-салтанатпен қарсы алды. Музейге келушілер орталық музейдің ерекше қару-жарақ коллекциясын, атакты суретшілердің шығармаларын, ескі қолжазбаларды тамашалады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еркенұр ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– «Музей түні» акциясына отбасымызбен келдік, ата-анам, сіңілім, бауырым бесеуіміз музейде уақытты өте тамаша өткіздік. Маған қолөнер шеберлерінің жұмыстары өте қатты ұнады. Күмістен жасалған әшекей бұйымдардың, киізден жасалған жабдықтардың түр-түрін көрдік. Мұнда колледждерде, арнайы оқу орындарында оқитын студенттердің дипломдық жұмыстары да қойылған екен. Күмістен жасалған әшекей бұйымдардың сұлулығы көз тартады, бірінен-бірі өтеді. Түрлі-түсті оюлар басылып тігілген сөмкелер, шапандар, түскиіздер өте керемет. Ата-бабаларымыздың көненен келе жатқан қолөнеріне сүйсіндім.

Тілеубек РАҚЫМЖАН, қала тұрғыны:

– Бүгін «Музей түні» акциясы өтетінін естіп, жолдасымды, қызымды алып, арнайы келдім. Бұрын жастау кезімізде музейге өзім келетін едім, енді міне, оқушы қызыма осындай ұлттық құндылықтарымызды көрсетіп, түсіндіру үшін де ертіп келдім. Қызымының суретке, қолөнерге икемі бар. Оған гипстен фигуралар жасау, көркем керамика, киіз басу секілді шеберлік сабақтары қатты ұнады. Өз қолымен бұйымдар жасап көрді.

Мадияр НҰРЖАНҰЛЫ, қала тұрғыны:

– Маған музейдегі ең ұнағаны – қару-жарақтар көрмесі. Найза, қылыш, қанжар, пышақ, садақ, қорамса, айбалта, мылтықтың түр-түрі бар екен. Бұрынғы батырларымыздың ұстаған қаруларын көрдік. Одан кейін ғарышкерлер киген скафандрлар, соғысқа қатысқан батырлар туралы деректерді көрген өте қызық болды. Сондай-ақ, Байдаралы отбасының ежелгі қару-жарақтармен көрсеткен шоуы өте керемет. Сондай-ақ, музейге келген балалар арасында асық ойнаудан жарыс болды. Жарысқа әпкем, бауырым, үшеуімді қатыстық. Ойын қызық өтті. Мектепте тарихтан өткен тақырыптарға қатысты жәдігерлерді көзбен көрудің өзі тамаша екен.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

**«Абылай хан және қазақ мемлекеттілігі»**

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында белгілі тарихшы, тарих ғылымының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлының І оқулары аясында ұйымдастырылып отырған Абылай ханның 310 жылдығына орай «Абылай хан және қазақ мемлекеттілігі: тарихи үдерістер мен сабақтастық» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Жиынға қазақтың көрнекті ғалымдары, гуманитария саласының майталмандары, үзегілес-әріптестері, қоғамға белсенді азаматтары және т.б. қатысты.

XX ғасырдың 1960 жылдары, кейін, тәуелсіздік кезеңінде елімізге шетелдерден 1 миллионнан астам қазақ оралды. Туған елге бет түзеген көштің тізгінін ұстаған азаматтардың қатарында шеттегі қазақтардың оқыған жастары мен элитасы да біршама болды. Олар қазақ мемлекетінің керегесін бірге көтерісіп, уығын бірге шаншысты. Солардың бірі – ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлы. Ғалым 1994 жылы Қазақстанға қоныс аударғаннан кейін өмірінің соңына дейінгі ғұмырын Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында ғылыми қызметке арнады. Зардыхан Қинаятұлы осы жылдар ішінде «Жылаған жылдар шежіресі», «Моңғол үстірті мекен еткен соңғы түрік тайпалары», «Көшпенділік ғұмыр», «Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті» және т.б. көптеген тарихи кітаптар жазып, ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар, Қазақстан тарихының орта ғасырлық дәуірі, әсіресе Қазақ мемлекеттілігі тарихын зерттеуде елеулі еңбек етті. Қазақ мемлекеттілігі тарихы, қазақ тарихының моңғол билігі дәуірі тарихын зерттеуші, жетекші мамандардың бірі болды.

Ғылыми конференцияның тағы бір мақсаты – Зардыхан Қинаятұлының ізбасарлары болып саналатын, тарихи отанға оралған қандас ғалымдардың Қазақ тарихын зерттеуге арналған жаңа ғылыми еңбектерінің нәтижелерін зерделеу.

– Біздің тарихымыз қайта жазуды қажет етеді. Кеңес идеологиясынан ада, бұрмаланбаған, жаңа дәуірге лайықталған тарих болуы қажет. Өз уақытында Зардыхан Қинаятұлының осы іске белсене қатысты. Қазақ шежіресін ешкімге жалтақтамай, ешбір елдің тарихына ұқсатпай жазуға ынты-шынтысымен қызмет қылды. Осы институт қабырғасында жүріп біре еңбек еттік. Белсенді, ғылымашын берілген адам еді. Оның жазған еңбектері әлі талай зерделенері анық, – деді профессор Әлімғазы Дәулетхан.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.



## ТҰЛҒАТАНУ

## ҰЛАҒАТЫ МОЛ ҰСТАЗ

Қарымды қаламгер Сейдахмет Бердіқұлов атындағы турнир мәресіне жетті

Қазақ журналистикасында өзіндік орны бар, қабырғалы қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың туғанына – 90 жыл. Айбыны асқақ қарымды қаламгерді еске алу орайында кезінде өзі басшылық етіп, ел-жұртқа танымал еткен «Жас алаш» газеті БАҚ өкілдері арасында Сейд-ағаның атындағы республикалық турнир өткізді.

Айнабай  
МӘДИ

«Бастау» бильярд клубында өткен турнирде көптен қауышпаған журналистер жолығысып, шарттастан өткен тартыста 64 ойыншының шама-шарқы байқалды. Жүлделі болу оңай емес. Оның үстіне, тілшінің шаруасы

шаш-етектен, уақыты тапшы. Шарттасты шырқ үйіріп, ұяшыққа дөп түсіретіндердің мерейі үстем. Оқта-текте ойнап, дәстүрге айналған сайыста бақ сынайтындардың қарасы қалың.

Салтанатты «Жас алаш» газетінің бас редакторы Алмас Нүсіп ашты. Белгілі спорт журналисі, Сейд-ағаның төл шәкірті, ізбасары Несіп Жүнісбаев ұлағ-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ты мол ұлы ұстазы жайлы ақтарыла айтты. Журналист Жақыпжан Нұрғожаев, басқа да аға буын өкілдері асыл аға, аяулы ұстаз қаққанда жүрекжарды лебізін білдірді. Сейд-ағаның ұлы Заңғар Алматы облысы Жамбыл ауданынан арнайы келіп, демеуші болған қонақтар біртуар тұлғаны еске алды. Турнирді ұйымдастырушыларға алғыс айтылып, жиылған қауымға ілтипат білдірілді.

«Менің спорт журналистикасына келуіме Сейдахмет Бердіқұлов себеп болды. 1994 жылы оныншы сыныпта оқып жүргенімде ол кісі қайтыс болды. Кейін Сейд-ағамыздың «Тұйғын» повесін оқып, өмірлік бағытымды айқындағандай болдым», – дейді өзін есейткен спорт журналисін еске алған түй-ғындай тілші, танымал спорт комментаторы Есей Жеңісұлы.

Турнирдің төрінен шарттасты

шартарапқа шашқан (онысы ұяшыққа қашқан) шебер, ұстаз-ғалым Намазалы Омашұлын көрдік. 85-көктемінде де шарттастан шаршамаған ақын Аян Нысаналы турнирде үлгі көрсетіп, бағалы сыйлыққа ие болды. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сыйлыққа ие боп мәресіре. Сыйлық өз алдына, сыйластық жеңгендей. Ойлы ойыннан салауаттылық сезілді.

## БОКС

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ҚАЗАҚСТАНДА ӨТЕДІ

2024 жылғы әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионаты Астанада өтеді.



Мұндай шешімді ХБК директорлар кеңесі Ташкентте (Өзбекстан) өткен отырыста қабылдады.

Халықаралық бокс қауымдастығының баспасөз қызметінің хабарлауынша, әлем чемпионаты Аста-

надағы «Барыс Аренада» өтеді. Өтінішті Қазақстан бокс федерациясының халықаралық байланыстар жөніндегі вице-президенті Әзиз Қожамбетов берген.

«Қазақстан сияқты қуатты бокс күші IBA ірі турнирлерінің бірін өткізетініне қуаныштымын. Жарыс 2016 жылы Астанада өткен болатын және қазір әйелдердің жүлде қорын екі есе арттырғандықтан, бұрынғыдан да күшті формаға оралды.

Бірінші орын үшін біз барлық 12 салмақ дәрежесі бойынша жалпы жүлде қоры 4,8 миллион АҚШ долларын құрайтын боксшыларға 200 000 АҚШ долларын береміз. Бұл сома ұлттық құрамалардың бас бапкерлеріне тиесілі 10 пайызды қамтиды.

«Мен керемет чемпионатты күтемін және келесі жылы боксшыларды Астанада қарсы аламын», – деді ХБА президенті Умар Кремлев.

## АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

## ҒАЛЫМ ЖАСЛАНОВ

Алматыдағы турнирдің басты жекпе-жегінде танымал ресейлік файтермен кездеседі



Аралас жекпе-жекте танымал ресейлік спортшы Вячеслав Дацк 23 маусымда Алматыда (Қазақстан) өтетін Ural FC және Naiza бірлескен турниріне қатысады.

Дацктың қарсыласы қазақстандық спортшы Ғалым Жасланов болмақ. Жекпе-жек ауыр салмақ дәрежесінде өтеді және турнирдің басты оқиғасы болуы керек, бірақ жекпе-жек қандай ереже бойынша өтетіні әлі нақтыланған жоқ. Дацк өзінің соңғы жекпе-жегінде REN TV Fight Club кезекті турнирі аясында америкалық боксшы Кевин Джонсонмен кездескен болатын. Жекпе-жек осы жылдың сәуір айында өтіп, төрешілер шешімімен Джонсонның жеңісімен аяқталды. ММА-да Ғалым Жасланов қазір екі-ақ жекпе-жек өткізіп, жеңіске жетті.

## ТЕННИС



## ТУРИН ТУРНИРИ:

Біздің Андрей жарғылай финалда

Қазақстандық Андрей Голубев жұптық сында Италияда өтіп жатқан Турин челленджер турнирінің жарғылай финалына шықты. Теннисшіміз украиналық Денис Молчановпен бірге ширек финалда аргентиналық Себастьян Баес – бразилиялық Тьяго Уайлдпен кездесуі керек еді. Алайда, қарсыластары келмей қалды да, А. Голубев пен Д. Молчанов ойнамастан жарғылай финалға жолдама алды.

Сонымен қатар, осы додада Александр Недовесов сербиялық Никола Качичпен бірге бастапқы бәсекесін сәтті өткізді. Олар италиялықтар Флавио Коболли – Джулио Зеппиериді 5:7, 7:6 (7:4), 10:6 есебімен тізе бүктірді.

Жарыстың 4-ракеткасы болып тіркелген А. Недовесов пен Н. Качич жарғылай финалға шығу үшін румыниялық Влад Виктор Корня – венесуэлалық Луис-Давид Мартинеспен таласады. Қос қазақстандық теннисші

алдағы қарсыластарын ұтса, финалда ғана кездесуі мүмкін. Тағы бір қазақстандық Григорий Ломакин хорватиялық Звонимир Бабишпен бірге Португалияда өтіп жатқан Оэйраш челленджер турнирінің жарғылай финалына шыға алмады. Олар ширек финалда португалиялықтар Джейми Фария – Энрике Рошадан жеңіліс тапты – 1:6, 4:6.

Әзірлеген  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Баспасөз хабарламасы

ҚР ДСМ «ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Орталық) ұжымымен 2023 жылғы 17 мамырда Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы жемқорлықтың алдын алу жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы топтың өкілі Дәурен Русланұлы Жақсыбековпен кездесу өткізілді.

Орталық директорының орынбасары Ләззат Тасболатқызы Ералиева кіріспе сөз сөйледі, ол барлық қатысушыларға алғысын білдірді және жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты міндеті қоғамда жемқорлықты жою, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, іскерлік этика кодексі нормаларын сақтау болып табылатынын ескертті.

Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы жемқорлықтың алдын алу жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы топтың өкілі Д.Р.Жақсыбеков қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы айтып берді. Сонымен қатар, Алматы қаласы бұрынғы мемлекеттік қызметшілерінің, мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті адамдардың парамен ұсталған сәттері көрсетілген бейнеролик көрсетілді.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Күрделі өзгерістер енгізілді

Мәжілістің жалпы отырысында ҰҚК төрағасының орынбасары Марат Көлқобаев қаңтар оқиғасынан кейін комитетте қандай жұмыстар атқарылғанын айтты. Марат Көлқобаевтың айтуынша, қылмыстық жауапкершілікке бірқатар қызметкер тартылған.

«Бүгінгі таңда ҰҚК 11 қызметкерді қылмыстық жауапкершілікке тартып жатыр. Бірақ кейбір істер бойынша тергеу аяқталды. Олар қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Бұл қылмыстық құдалау туралы. Осымен қатар ҰҚК дереу ауқымды қызметтік тергеу жүргізді. Тәртіптік талаптар мен қызмет тәртібіне, оның ішінде лауазымды тұлғалардың жауапкершілігіне байланысты күрделі өзгерістер енгізілді. Бүгінгі күні бізде үлкен қызмет бар. Әскери қызметкерлер де, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері де бар. Әр адамның белгілі бір әрекет алгоритмі бар, ол міндетті түрде заңға сай болуы керек», – деді Марат Көлқобаев.

Отырыста депутаттар ұлттық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткеру туралы заң жобасын қарап жатыр. Ал бұл құжат, Марат Көлқобаевтың айтуынша, сонымен бірге әрбір шенеуніктің іс-әрекетінің белгілі бір алгоритмі мен патриоттық сезімін оятуға бағытталған. Бұған дейін Бас прокуратура Қазақстандағы қаңтардағы тәртіпсіздіктер мен одан кейінгі мемлекеттік төңкеріс әрекеті мұқият жоспарланғанын хабарлаған. Саясаттанушы, Ұлттық Құрылтайдың мүшесі Қазбек Майгелдинов бұл жағдайды бұрынғы ҰҚК басшылығының білгені әбден мүмкін деп есептейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚ ЖОБА

Жас мамандарға әдістемелік көмек

Өзгеріске жиі ұшырап отыратын сала – білім беру жүйесі екені белгілі. Өйткені, білім беру жүйесіндегі реформалар ел дамуының негізі әрі заман талабы.



Рая ЕСКЕНДІР

Сондықтан болып жатқан өзгерістерге байланысты жас педагогтарға ақпарат беру, түсіндірме жұмысын жүргізу, оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлы құжаттарды жасау және тәжірибе алмасу сынды жұмыстар жиі ұйымдастырылып отырады.

Осы бағытта қалалық Білім басқармасының тікелей ұйымдастыруымен «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы», «Техникалық және кәсіптік білім беру» бөлімі «Педагогикалық тәжірибе панорамасы» атты қалалық жоба өткізді.

Алматы қаласы Білім басқармасы, ҚББЖТҒӨО Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің жетекшісі Гүлнар Жәлелқызының айтуынша, қазір аталған жоба шеңберінде «Жас педагогтар мектебі» және «Педагогикалық тәжірибе мектебі» жұмыс жасап жатыр. Екі мектептің жетекшілері, олардың ережесі мен жұмыс жоспарлары, Орталықтың директорымен бекітіліп, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтарымен тығыз жұмыс жүргізіп жатыр.

Сонымен, «Жас педагогтар мектебі» Алматы қаласы колледжде жұмыс жасау жағдайына жас педагогтар-

ды психологиялық бейімдеу» тақырыбында қалалық семинар-тренинг ұйымдастырған еді. Мұндағы мақсат – табысты педагог және өндірістік оқыту шеберінің ішкі ұстанымын қалыптастыруға қолдау білдіру.

Аталмыш іс-шараға қалалық деңгейдегі педагогтарға 5 бекет (станция) құрылып, педагогтар әр станцияда он минут уақытқа жоспарланған тапсырмаларға сай тест тапсырып, тренинг жасады. Әр станцияда жас педагогтармен тәжірибелі ұстаздар, республикалық деңгейдегі конкурстардың жеңімпаздары және басқа да білікті мамандар бірлесе жұмыс жасады.

Мәселен, «Педагогикалық» станциясында Гүлжан Маметаева, Гүлнафис Ахметова, «Әдістемелік» станциясында Бекзат Күнтуарова, Қымбат Токтарқызы, «Ситуациялық» станциясында Айжан Болатқызы, Ирина Анаятова, «Жас педагог мектебі» станциясында Ләззат Шолақова, Гүлнар Оспанова, «Ойын» станциясында Элмира Үсенқызы, Гүлкен Алтаева сынды нағыз өз саласының шеберлері жас мамандармен түрлі бағытта әдістемелік көмек көрсетті. Өткізілген жобаға ТЖКББ білім беру бөлімінің әдіскерлері мен Жас педагогтар мектебінің жетекшілері Гүлім Өмірбекова, Жазира Аманкелді зор үлестерін қосты.

Жас педагогтар танымдық тұрғыда өткізілген семинардан көп ой түйіп қайтты.



Бас директор –  
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ  
Қабылдау бөлмесі:  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
Абдухалил ЖАЛИЛОВ  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
Төрехан ДАНИЯР  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
Серік ЖҰМАБАЕВ  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ  
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ  
тел: 293-08-12.  
e-mail: d\_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –  
Алия ЕСИМХАНОВА  
e-mail: dalemesh@vecher.kz  
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Мұрат ӘУЕЗОВ,  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
«Alatay Aqparat» ЖШС.  
alatayaqparat@mail.ru  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –  
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртеккі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

\*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



## СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

## ЖАҚСЫ ЖОЛДАС ЖОЛДА ҚАЛДЫРМАЙДЫ

Оқырманға тосын сауал: сіздің сенімді досыңыз бар ма?

Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Дос таңдай білу де – өмірлік мақсаттардың бірі. Нағыз дос қиын сәттерде демей біледі. Түннің бір уағы болғанына қарамастан ол тәтті ұйқысын қиып, досын тыңдай алады. Ал қуанышында риясыз көңілімен бірге шаттана кетеді. Онда досына деген күншілдік, сатқындық, екіжүзділік болмайды. Оған қалтқысыз сенеді. Ол оны ешбір жауға бермейді. Сенің дәл осындай сондай досың бар ма? Бұл сұрақты біз жас оқырмандарымызға қойған болатынбыз.

Канат ТОҚТАСЫН,  
2-курс студенті:

## «Үнемі саяқ жүретінмін...»

Менің досым – Мейрам. Колледжде бірге оқимыз. Мен оны нағыз досым деп айта аламын. Бірінші курста жүргенде ешкіммен араласып кете алмадым. Аяғымды сылтып басатынымнан ұялып, көзге түсе бермеуге тырысып, үнемі саяқ жүретінмін. Осылай жалғызсырап жүрген сәттеріме жанымнан Мейрам табылды. Ол өте сезімтал жігіт. Менің елеусіз, түйік жүретінімді аңғарған болуы керек, бірде дене шынықтыру сабағында өзі келіп бірінші тіл қатты. Рас, оның колледжде жақын араласатын жігіттері жетерлік. Көпшіл. Бірақ оның өмірінде менің орнымның бөлек екенін сеземін.

Өткен оқу жылында Мейрам бір жігітпен ерегісіп қалды да, екеуі бір-бірінің жағасынан алды. Кабинеттің терезесі сынды. Директор Мейрамды оқудан шығарамын деді. Колледжде «крышам» істейтіндіктен, досымды аман алып қалу үшін «терезені сын-

дырған мен» деп тұрып алдым. Сөйтіп, мәселе тез шешілді. Осы жазда бір-біріміздің ауылымызға қыдырып барғалы жатырмыз. Достығымыз нығайып келеді.

СӘБИТ,  
базарда сатушы:

## «Өтірігін кешіре алмадым»

Жасыратыны жоқ, базарда алдап-арбаусыз күн көру мүмкін емес. Иә, тауарымыз тез өтіп кетсін деп кейде түрлі қулыққа да басын. Бірақ нағыз досым деп жүрген адамның өтірігін кешіру қиын екен. Бір ауылда өсіп, бір сыныпта оқып, қалада жүргенімізге үш жыл болған досымды әлі танымаған екенмін деп ойладым. «Адамның көңілі бір атым насыбайдан қалады» деген рас сөз екен. Ол менің тауарларымнан білдіртпей ұрлап отырыпты. Базардың екінші басында отыратын жездесіне таси беріпті аяқкиімдерімді. Бұл сатқындығын көтере алмадым. Біз базарда қазір де бірге тұрамыз. Сәлеміміз түзу. Жігітпіз ғой, жаға жыртысып жатқанымыз

ұят шығар деп, арыға бармадым. Бірақ арамды бұрынғыдай емес. Өткенде анасы кездесіп қалып: «Сәбит, неге жоғалып кеттің? Апа, палау жасаңызшы деп арсалаңдап кіріп келетінің бар еді, кейінгі кезде мүлдем көрінбейсің», – деп бәйек болып жатыр. Үлкен кісінің алдында не айтарыңды да білмей қалады екенсің. Достан қалған көңілді қалай жеткізерсің?!

АЙМАН,  
студент:

## «Құрбымды қызғанып қаламын»

Менің досым жақсы адам. Сабырлы, ойлы. Тіпті, анам кейде «Раушандай салмақты болсаң қайтеді, сен көп күлесің» деп үлгі етіп отырады. Менің аңқылдаған ашықтығым, оның байсалдылығы құдай берген мінез ғой енді. Менің айтайын дегенім, Раушанның кішкентайдан бірге өскен, интернатта жатып оқыған Жанат есімді сыныптас құрбысы бар. Кейде үшеуіміз бірге

қыдыруға шығамыз. Раушан Жанатты менен артығырақ көретін сияқты, қызғанып қалатын кездерім де жоқ емес. Ондай сәттерде өзімді «бала кезден өскен құрбысы ғой» деп жұбатып қоятыным бар. Бірақ Жанат ондай құрметке тұрмайтын сияқты. Олай дейтінім, Жанат екеуіміз оңаша қалғанда Раушанның өмірінің көлеңкелі тұстарын жиі айтып отырады. Жамандайды. Өтер дүние өтіп кетті емес пе. Жан құрбысының сыртынан түрлі әңгімелерді айтып алып, ертеңіне ештеңе болмағандай онымен бірге күліп-ойнап кетіп бара жататыны мені ойландырады. Ондай адамның күндердің күнінде аяғынан шалып, құлатып кетуі гажап емес деп ойлаймын. Раушан ешкімге жамандық ойламайтын аяулы қыз. Сондықтан Жанат туралы айтуға әлі күнге тәуекел ете алмай жүрмін.

**P.S. «Жақсы киім бойға жарасса, жақсы жолдас ойға жарасар». Сіздің досыңыз кім, ол қандай адам?**

## ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ



## ТОҚТЫ (21.03-19.04)

Тоқты белгісінде туған жандар осы аптада кейінгі өміріне қажет боларлық үлкен өмірлік сабақ алады. Ойға алған істер оп-оңай жүзеге аса қалмайды, дегенмен сіз жолыңызда кездескен қиындықтардан мойымай өте аласыз.

## ТОРПАҚ (20.04-20.05)

Торпақтар алдағы аптада өздеріне әдеттегіден көбірек назар аудартады. Бұл олар үшін пайдалы. Бұрын жұрттың назарына аса іліге қоймайтын торпақтардың ісіне біраз адамдар көңіл аударып, серіктес болуды ұсынуы мүмкін. Алайда, аздап сабыр мен төзім керек.



## ЕГІЗДЕР (21.05-21.06)

Қазір сезімге берілмей, алдыңызға нақты мақсат қоятын уақыт келді. Алдағы апта жұмысыңыз жемісті болады. Айналаңыздағы адамдардың сөзіне көп сене бермеңіз. Асығыс шешім қабылдамағыңыз дұрыс. Отбасына көңіл бөлген абзал.

## ШАЯН (22.06-22.07)

Бұл аптада шаянға керегі – төзім. Өйткені, қолға алған кез келген ісіңіз баяу жүреді. Бірақ өзіңізге деген сенім, табандылық өз нәтижесін береді. Тіпті өзіңіз күткеннен де зор табысқа жетуіңіз мүмкін. Осы қасиеттеріңіздің арқасында мансабыңыз өсуі ықтимал.



## АРЫСТАН (23.07-22.08)

Айналаңыздағылар сізге қызғанышпен қарап, жөнсіз сындар айтуы мүмкін, мұндайға мән бермеуге тырысыңыз. Кәсіби жағынан өсу үшін жұмыстағы басшылықпен, серіктестеріңізбен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалған дұрыс.

## БИКЕШ (23.08-22.09)

Өміріңіз жақсы жаққа өзгереді. Осы аптадағы әрекеттеріңіз сіздің бағытыңыздың дұрыс екенін көрсетеді. Әсіресе, іскерлік салада жолыңыз болады. Сіз өзіңізге міндеттелген біраз істі оп-оңай еңсересіз.



## ТАРАЗЫ (23.09-23.10)

Бұл аптаны Таразы белгісінде туған жандар жаңа шабытпен бастайды. Уақыт тың шаруаларды қолға алу үшін өте сәтті болмақ. Келер аптада сіз алдағы уақытта өзіңізге жақсы дос, серіктес болатын адамдармен танысуыңыз әбден мүмкін.

## САРЫШАЯН (24.10-22.11)

Қаржылық жағдайыңыз жақсаруы ықтимал. Тәп-тәуір табысқа жетіп қаласыз, бұрынғы қарыздарыңыз өсімімен қайтуы мүмкін. Осы аптада отбасыңызда жақсы жаңалықтар болады. Жақындарыңыздан тосын сый күтіңіз!



## МЕРГЕН (23.11-21.12)

Іскерлік салада көп нәрсе өзгеруі мүмкін. Сізге жаңа кәсіби мүмкіндіктер ашылады. Есіңізде болсын: бәріне бірден қол жеткізу мүмкін емес. Көптеген жағдайларда мақсатқа тез жетуді ғана емес, дұрыс бағытты таңдау маңызды. Достарыңызбен, туыстарыңызбен қарым-қатынасыңыз жақсарыды.

## ТАУЕШКІ (22.12-20.01)

Көптеген тауешкілерге іскерлік және ойын-сауық сапарларына барудың пайдасы мол. Сіз шығармашылықты, тапқырлықты қажет ететін істерде айтарлықтай жетістіктерге жетесіз. Жақындарыңызбен қарым-қатынаста адалдық пен ашықтық қазір ерекше маңызды.



## СУҚҰЙҒЫШ (21.01-18.02)

Іскерлік қатынастарда өзгерістер болуы мүмкін. Сіздің беделіңізге ешкім күмән келтіре алмайды. Жұмыстағы мәселелерді шешу әдеттегіден оңайырақ болады. Достарыңыз жақсы жаңалықтармен қуантады және олармен уақытты қызықты өткізесіз, сүйікті адамыңыздың тарапынан тосын сый болуы мүмкін.

## БАЛЫҚТАР (19.02-20.03)

Бұл апта жан-жақты қарым-қатынас үшін сәтті болмақ. Өзіңізге қымбат адамдармен тіл табысу оңайырақ болады, ал жаңа таныстар сіздің көңіліңізден шығады.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.